

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттың қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнама бойынша кейбір нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 8 нормативтік қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Нормативтік қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мынадай нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қылмыстардан жәбірленген адамдардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін заңды қолдану тәжірибесі туралы" 1992 жылғы 24 сәуірдегі № 2 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 3, 2010 жылғы 25 маусымдағы № 5, 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) тақырыбында және кіріспеде:

"Қылмыстардан" деген сөз "Қылмыстық құқық бұзушылықтардан" деген сөздермен ауыстырылсын;

"реттейтін заңды қолдану тәжірибесі" деген сөздер "регламенттейтін заңнаманы қолдану практикасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"реттейтін заңды соттардың" деген сөздер "регламенттейтін заңнаманы соттардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) бүкіл мәтін бойынша:

"80" деген цифрлар "76" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"процессуалдық" деген сөз "процестік" деген сөзбен ауыстырылсын;

"хұқығы", "хұқықты", "хұқықтары", "хұқыққа", "хұқықтарын", "хұқығынан", "хұқығына" деген сөздер тиісінше "құқығы", "құқылы", "құқықтары", "құқыққа", "құқықтарын", "құқығынан", "құқығына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1-тармақтағы "Конституция" деген сөз "Қазақстан Республикасының Конституциясы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 3-тармақта:

"әрбір" деген сөз алып тасталсын;

"жөніндегі жәбірленуші болып" деген сөздерден кейін ", " белгісі алып тасталсын;

"қылмыс", "қылмысқа", "Қылмыспен" деген сөздер тиісінше "қылмыстық құқық бұзушылық", "қылмыстық құқық бұзушылыққа", "Қылмыстық құқық бұзушылықпен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"моральдық немесе" деген сөздер алып тасталсын;

"Мұндай жағдайда" деген сөздерден кейін "өкілеттігі тиісті сенімхатпен ресімделген" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 4-тармақта:

"процессуалдық хұқықтарға" деген сөздер "процестік құқықтарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмыстық іс қозғалғаннан кейін" деген сөздер "сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған сәттен бастап" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ҚІЖК-нің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 5-1-тармақ мынадай редкцияда жазылсын:

"5-1. Қордан өтемақы алуға құқығы бар жәбірленушіге қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың нәтижесінде келтірілген зиян "Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 131-VI Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда, тәртіп пен мөлшерде өтеледі.

Адамда өтемақы алу құқығы ол жәбірленуші деп танылғаннан кейін тікелей бірден туындайды және оның немесе оның өкілінің қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органға арыз беру жолымен іске асырылады (2020 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізіледі).";

7) 6-тармақта:

"қылмыстар жөніндегі" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жақын туысқандары," деген сөздерден кейін "жұбайы (зайыбы)," деген сөздермен толықтырылсын;

"келісімдері бойынша" деген сөздерден кейін "жәбірленушінің өкілі емес," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"ҚПК-нің 7-бабының 11) тармағына сәйкес ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер, ата, әже, немерелер жақын туыстар болып табылады.";

8) 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жәбірленуші өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетімен не қылмыстық процесті жүргізуші орган қылмыстық процеске қатысуға жіберетін өкіл арқылы жүзеге асыра алады. Бұл жағдайда ордердің негізінде адвокат та, заң бойынша сенімхаттың негізінде жәбірленушінің мүдделерін білдіруге өкілетті кез келген адам да, оның ішінде жақын туыстар да өкіл бола алады.

Егер жәбірленуші кәмелетке толмаған адам немесе сот ісін жүргізу тілін білмейтін не өзінің дене бітімі немесе психикалық жағдайы бойынша өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін өздігінен қорғауға мүмкіндігі жоқ адам болып табылса, заңды өкілдің және

өкілдің қатысуы міндетті. Бұл жағдайда жәбірленушінің жеке өзі немесе оның заңды өкілі таңдап алған адвокат қана өкіл ретінде жіберіледі. Заңды өкілдің ұғымы ҚПК-нің 7-бабының 13) тармағында берілген.

Осы талап бұзылған жағдайда қандай жағдайда болмасын соттың үкімінің, қаулысының күші жойылуға жатады.

Он төрт жасқа дейінгі не он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған жәбірленушіден жауап алу кезінде заңды өкілдермен қатар педагог пен психолог қатысады.";

9) 8-тармақта:

"азаматты" деген сөз "адамды" деген сөзбен ауыстырылсын;

"ҚІЖК-нің" деген сөздер "ҚПК-нің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тергеушінің" деген сөз "прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 9-тармақта:

"алдын-ала тергеу", "алдын-ала тергеудің" деген сөздер "сотқа дейінгі тергеп-тексеру" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тергеушіні" деген сөз "сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 15-тармақ алып тасталсын;

12) 16-тармақта:

бірінші абзацтағы екінші және үшінші сөйлемдер алып тасталсын;

"қылмыс туралы" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылық туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 17-тармақтағы "жасы 15-ке дейінгі жасы толмағандардың келтірген зиянына оның ата-анасы (бала ғып алушылар) немесе қамқоршысы жауап беруге (егер олар зиян олардың кінәсінен пайда болғанын дәлелдей алмаса) міндетті екендерін ескеруге міндетті." деген сөздер "он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адамның келтірген зиянын, онда зиянды өтеу үшін жеткілікті мүлік немесе өзге де кіріс көздері болмаған жағдайда, оның заңды өкілдері, егер зиянның пайда болуына өздерінің кінәлі еместігін дәлелдей алмаса, зиянды толық немесе жетіспейтін бөлігінде өтеуге тиіс екенін ескергендері жөн." деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 18-тармақта:

"сарапшының" деген сөз "сараптама" деген сөзбен ауыстырылсын;

"я залалды" деген сөздер "не залалды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"соттың осы мақсат үшін тағайындаған мамандары немесе комиссия" деген сөздер "мамандар немесе сарапшылар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қылмыс", "қылмыстың" деген сөздер "Қылмыстық құқық бұзушылық", "қылмыстық құқық бұзушылықтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 19-тармақта:

"анықтама жүргізуге, алдын-ала тергеуге" деген сөздер "сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"анықтама, алдын-ала тергеу" деген сөздер "сотқа дейінгі тергеп-тексеру" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 20-тармақтағы "сотталушыларға" деген сөз "сотталған адамдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 21-тармақтағы "сот мәжілісі" деген сөздер "басты сот талқылауы" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 23-тармақта:

", кассациялық" деген сөздер алып тасталсын;

"наразылық" деген сөз "прокурор келтірген өтінішхат" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 24-тармақта:

", кассациялық" деген сөздер алып тасталсын;

"наразылық", "түскен наразылық" деген сөз тиісінше "прокурордың өтінішхаты", "прокурордың өтінішхатымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 25-тармақта:

"қылмыс" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

", кассациялық шағым" деген сөздер "шағым, кассациялық тәртіппен өтінішхат" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 26-тармақта:

", кассациялық және қадағалау тәртібінде" деген сөздер "тәртіпте" деген сөзбен ауыстырылсын;

"наразылықтармен, өтінімдермен" деген сөздер "прокурор келтірген өтінішхаттармен және өзге де өтінішхаттармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) мынадай мазмұндағы 28-тармақпен толықтырылсын:

"28. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-тармағына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.";

2. "Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы" 1995 жылғы 21 шілдедегі № 4 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 5, 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) кіріспеде:

"Жоғарғы Соттың" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтың екінші сөйлемі және үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші абзацтар алып тасталсын;

"аталған кемшіліктерді жою және" деген сөздер алып тасталсын;

"тәжірибесін" деген сөз "практикасын" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) бүкіл мәтін бойынша:

"253", "251", "252", "254", "255" деген цифрлар тиісінше "289", "287", "288", "290", "291" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"қылмыстардың", "қылмыстың", "қылмыстарды", "қылмыс" деген сөздер тиісінше "қылмыстық құқық бұзушылықтардың", "қылмыстық құқық бұзушылықтың", "қылмыстық құқық бұзушылықтарды", "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1-тармақта:

"қылмыстардың" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықтардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы екінші және үшінші сөйлемдер алып тасталсын;

4) 2-тармақтағы "қылмыстар" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықтар" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 3-тармақта:

", адамдар мен техниканы құртуға арналған басқа құрылғылар мен нәрселерді" деген сөздер "және тірі немесе басқа нысананы жоюға сындарлы түрде арналған басқа да құрылғылар мен заттар," деген сөздермен ауыстырылсын;

"оның ішінде олар" деген сөздерден кейін "іс жүзінде" деген сөздермен толықтырылсын;

"оқ-дәрілік газды" деген сөздер "оқ-дәрінің немесе өзге де зарядтың қуатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 5-тармақтағы орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

7) 8-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Егер адам атыс қаруын ұрладым деп ұғынбай, бөтеннің мүлкін ұрласа (мысалы, атыс қаруы сақталған сейфті ұрлау), онда адам одан әрі иелену, пайдалану мақсатында қаруды өзінде қалдырған жағдайда, оның әрекеті атыс қаруын ұрлау болып сараланады .":

8) 10-тармақтағы "255-бабының үшінші бөлігінің б) тармағы" деген сөздер "291-бабының үшінші бөлігінің 2-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 11-тармақтағы "377" деген цифрлар "446" деген цифрлармен ауыстырылсын;

10) 15-тармақтағы "қылмысты" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықты" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 16-тармақтағы "пайдалануымен" деген сөзден кейін "адам өліміне немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 17-тармақта:

"қоғамдық апат жағдайын (көпшіліктің толқуы, ұлтаралық қақтығыс т.б.) пайдаланып" деген сөздер "төтенше жағдай, төтенше ахуал, сондай-ақ жаппай тәртіпсіздіктер кезінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"л) тармағына" деген сөздер "11-тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 19-тармақта:

"ҚІЖК-нің 121-бабының 3-бөлігі 1) тармақшасының" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 118-бабы үшінші бөлігінің 1-тармағының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Заңсыз сатылып алынған, ұрланған, басқа адамдардың меншігіне берілген атыс қаруы, оқ-дәрілер, қару-жарақ пен жарылғыш заттар ҚК-нің 48-бабы 2-бөлігінің 1) тармағына сәйкес тәркілеуге жатады. Қалған жағдайларда олар заттай дәлелдемелер ретінде олардың жарамдылығын және құндылығын анықтау кезінде қайтадан пайдалану мәселесін шешу үшін не жою үшін ішкі істер органдарының мамандандырылған құрылымдарына беріледі.";

14) мынадай мазмұндағы 21-тармақпен толықтырылсын:

"21. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-тармағына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.";

3. "Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік жөніндегі заңдарды қолдану тәжірибесі туралы" 1997 жылғы 18 шілдедегі № 10 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 30 сәуірдегі № 3, 2004 жылғы 18 маусымдағы № 3, 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 7, 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) бүкіл мәтін бойынша:

"209", "250" деген цифрлар тиісінше "234" және "286" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"ҚК-тің" деген сөздер "ҚК-нің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кеден одағының" деген сөз тиісінше "Еуразиялық экономикалық одақтың", "Еуразиялық экономикалық одаққа" деген сөзбен ауыстырылсын;

"рәсімдеуді" деген сөз "декларациялауды" деген сөзбен ауыстырылсын;

"қылмыстар", "қылмыстардың" деген сөздер тиісінше "қылмыстық құқық бұзушылықтар", "қылмыстық құқық бұзушылықтардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-тармақта:

"Әкімшілік тәртіппен жазаланатын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Кедендік және мемлекеттік шекаралар ұғымы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 70-V Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған.";

3) 3-тармақта:

"Қылмыс" деген сөз "Қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

абзацтардың сызықша белгісімен белгіленуі алып тасталсын;

"кеден рәсімдеуі аяқталған сәттен бастап", "кеден рәсімдеуі біткен сәттен бастап" деген сөздер тиісінше "кедендік декларация тіркелген сәттен бастап" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Өткізу пункттерінде және заңнамамен белгіленген басқа да орындарда, бірақ кеден органдарының белгіленбеген жұмыс уақытында тауарларды алып өткен жағдайларда шекараны кесіп өткен сәттен бастап қылмыстық құқық бұзушылық аяқталды деп есептеледі.";

4) 4-тармақта:

абзацтардың сызықша белгісімен белгіленуі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Тауарларға декларациялар берілгенге дейін тауарларды шығару туралы арызда немесе уақытша тасып әкелу (рұқсат беру) рәсімі бойынша, оның ішінде жарамсыз құжаттар, жалған (немесе) көрінеу теріс (қате) мәліметтер ұсынылып орналастырылған тауарлар болып табылатын, халықаралық тасымал көлік құралдарымен уақытша тасып әкетілген тауарларға қатысты операциялардың жасалғаны туралы арызда көрінеу теріс мәліметтерді көрсету.";

жетінші абзац мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Осыған байланысты, тауарларды немесе ірі мөлшердегі өзге де заттарды "кеден транзиті" кеден рәсімі бойынша Еуразиялық экономикалық одақ шекарасы бойынша заңсыз алып өту кезінде жасалған әрекетті тауарлардың немесе заттардың аталған одаққа қатысушы мемлекеттердің (ішкі транзит) не үшінші елдердің (сыртқы транзит) аумағында олардың пайдаланылуы үшін арналғанына қарамастан ҚК-нің 234-бабы бойынша саралаған жөн.";

5) 5-тармақта төртінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Декларацияламау немесе дұрыс декларацияламау – бұл декларанттың тауарлар туралы теріс мәліметтерді (атауы, құны, саны, салмағы және басқалар), таңдалынып

алынған кеден рәсімі және (немесе) кеден мақсаттары үшін қажетті өзге де мәліметтерді кеден декларациясын пайдалана отырып кеден органына арыз жазуы не кедендік декларациялауды жүргізу кезінде тауарлар туралы мәліметтер көрсетілген осындай арызды беру міндетін орындамауы.";

б) 6-1-тармақта:

абзацтарды "а)", "б)" әріптерімен белгілеу алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының" деген сөздерден кейін "қолданыстағы" деген сөзбен толықтырылсын;

", 2011 жылғы 1 ақпаннан бастап" деген сөздер алып тасталсын;

"Кеден одағының", "Кеден одағына" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың", "Еуразиялық экономикалық одаққа" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 7-тармақта:

"Есірткі заттарды, психикаға әсер ететін, улы, күшті әсер ететін, уландыратын, радиоактивті немесе жарылғыш заттарды, қару-жарақты соғыс техникасын, жарылғыш қондырғыларды, оқпен атылатын қару мен оқ-дәрілерді," деген сөздер "Психотроптық заттарды, олардың үлгілерін, прекурсорларды, күшті әсер ететін, улы, уландыратын, радиоактивті заттарды, радиоактивтік қалдықтарды немесе ядролық материалдарды, жарылғыш заттарды, қару-жарақты, соғыс техникасын, жарылғыш қондырғыларды, атыс қаруын, оқ-дәрілерді," деген сөздермен ауыстырылсын;

"материалдар мен жабдық түрлерінің" деген сөздер "материалдардың, құрал-жабдықтардың немесе компоненттердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмыс" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Контрабандалық заттардың құны маманның (сарапшының) кеден ісі туралы заңнамамен және қылмыстық-процестік заңнамамен белгіленген қағидаларға сәйкес қорытындысының негізінде тауарлардың қылмыстық құқық бұзушылық жасалған сәттегі кедендік құны негізге алына отырып айқындалады.

Контрабандалық заттардың кедендік құны туралы мәліметтер болмаған жағдайда, олардың құны мемлекеттік реттелетін баға негізге алына отырып айқындалады (мысалы, жасанды спирттік ішімдіктер, басқа да жасанды тауарлар контрабандасы жағдайларында). Осындай мәліметтер болмаған кезде тауардың бағасы мен оның құны сарапшының (маманның) қорытындысы негізінде айқындалады.";

9) 8-1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Кеден және өзге де заңнама нормаларының талаптары сақтала отырып кеден шекарасы арқылы өткізілген тауарлардың немесе өзге де заттардың қалған бөлігі (егер осындай тауарлар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынып қоймаған немесе оларға тыйым салынбаған жағдайда) шығаруға жатады.";

10) 10-тармақтағы екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қылмыстық топ" саралаушы белгісінің болуы ҚК-нің 3-бабының 24) тармағы мазмұнының негізінде айқындалады.";

11) 11-тармақта:

"есірткі заттармен," деген сөздерден кейін "психотроптық заттармен, олардың үлгілерімен" деген сөздермен толықтырылсын;

"басқа қылмыстар" деген сөздер "өзге қылмыстық құқық бұзушылықтар" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 14-тармақтағы "қылмыстарды", "қылмыс" деген сөздер тиісінше "қылмыстық құқық бұзушылықтарды", "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

"16. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-тармағына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.";

4. "Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстары және оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы" 2002 жылғы 11 сәуірдегі № 6 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 4, 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 12, 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы";

2) кіріспедегі "Кәмелетке толмағандардың қылмыстары мен оларды қылмыстық және қоғамға жат әрекеттерге тарту туралы" деген сөздер "Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) бүкіл мәтін бойынша:

"Қылмыстық іс жүргізуші органдар", "Қылмыстық істі жүргізуші орган", "қылмыстық істі жүргізуші орган", "қылмыстық іс жүргізуші орган" деген сөздер тиісінше "Қылмыстық процесті жүргізуші органдар", "Қылмыстық процесті жүргізуші орган", "қылмыстық процесті жүргізуші орган", "қылмыстық процесті жүргізуші орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ҚІЖК-нің" деген сөздер "ҚПК-нің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қылмыс", "қылмыс", "қылмысы" "қылмыстардың", "қылмыстың", "қылмыстар", "қылмыстары", "қылмысты", деген сөздер тиісінше "Қылмыстық құқық бұзушылық", "қылмыстық құқық бұзушылық", "қылмыстық құқық бұзушылығы", "қылмыстық құқық

бұзушылықтардың", "қылмыстық құқық бұзушылықтың", "қылмыстық құқық бұзушылықтар", "қылмыстық құқық бұзушылықтары", "қылмыстық құқық бұзушылықты" деген сөздермен ауыстырылсын;

"алдын ала тергеу", "қамауға алу", "қамауға алудың", "қамауға алған" деген сөздер тиісінше "сотқа дейінгі тергеп-тексеру", "күзетпен ұстау", "күзетпен ұстаудың", "күзетпен ұсталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмыстық әрекетке", "қылмыстық әрекеттерге", "қылмыстық әрекеттерінің" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылық жасауға", "қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға", "қылмыстық құқық бұзушылықтарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сезікті", "сезіктінің", "сезіктіден" деген сөздер тиісінше "күдіктіні", "күдіктінің", "күдіктіден" деген сөздермен ауыстырылсын;

"айыпкер", "айыпкердің", "айыпкерді", "Айыпкердің" деген сөздер тиісінше "айыпталушы", "айыпталушының", "айыпталушыны", "Айыпталушының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"дәрежелеу", "дәрежеленетіні", "дәрежелеуге", "дәрежелемеу" деген сөздер "саралау", "сараланатыны", "саралауға", "сараламау" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - ҚІЖК) 241-бабының 2) тармағына" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 271-бабы бірінші бөлігінің 3) тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 3-тармақтағы "117", "481" деген цифрлар тиісінше "113", "531" деген цифрлармен ауыстырылсын;

6) 4-тармақта:

"онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылықты" деген сөздермен ауыстырылсын;

"3-бөлігінің" деген сөздер "үшінші бөлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац алып тасталсын;

7) 5-тармақта:

"71-бабы 1-бөлігінің 2-тармағына және 486-бабының 2-бөлігіне" деген сөздер "67-бабы бірінші бөлігінің 2) тармағына және 542-бабы екінші бөлігінің 3) тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ҚІЖК-нің 73-бабының 2-бөлігіне сәйкес" деген сөздер алып тасталсын;

"қылмыстары туралы" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қылмыстық қудалау органдары және соттар" деген сөздер "Қылмыстық процесті жүргізуші орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бөлігінің" деген сөз "тармағының" деген сөзбен ауыстырылсын;

"28", "73" деген цифрлар тиісінше "27", "69" деген цифрлармен ауыстырылсын;

8) 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығы бұзылғандығы анықталғанда соттар сот ісін жүргізудің заңдылығы мен қағидаттары бұзылып жиналған дәлелдемелерді бағалау кезінде ҚПК-нің 9, 112, 125-баптарын басшылыққа алғаны және заңда көзделген негіздер болған кезде істегі тиісті материалдарды дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін деп танығаны жөн.

Кәмелетке толмаған адамдардың істері бойынша сот отырысына қорғаушының міндетті түрде қатысуы туралы заң талаптарының сақталмауы - ҚПК-нің 436-бабы үшінші бөлігінің 4) тармағына сәйкес үкімнің жойылуына әкеп соғатын қылмыстық-процестік заңның елеулі бұзылуы ретінде қаралуы тиіс.";

9) 7-тармақтағы "22", "487" деген цифрлар тиісінше "13)", "537" деген цифрлармен ауыстырылсын;

10) 8-тармақта:

"немесе айыпкерден", ", айыпкердің" деген сөздер алып тасталсын;

"487-бабының 3-бөлігінде" деген сөздер "537-бабының үшінші бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ҚІЖК-нің 492-бабының 1-бөлігінде" деген сөздер "ҚПК-нің 537-бабының үшінші бөлігінде, 542-бабы екінші бөлігінің 2) тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сот отырысының" деген сөздер "басты сот талқылауының" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 10-тармақтағы "өз отырысының" деген сөздер "басты сот талқылауының" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 11-тармақта:

"арнайы балалар мекемесі әкімшілігінің" деген сөздер "заңға сәйкес баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"490" деген цифрлар "540" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"прокурордың санкциясын алған тергеушінің қаулысы немесе соттың" деген сөздер "қылмыстық процесті жүргізуші органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"арнаулы балалар мекемесіне орналастырылуы" деген сөздер "заңға сәйкес баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымға орналастырылуы немесе патронатқа берілуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 12-тармақта:

"қылмыстары туралы" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сот отырысын" деген сөздер "басты сот талқылауын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"300", "150", "153" деген цифрлар тиісінше "320", "147", "151" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"491-бабының 4-бөлігіне" деген сөздер "541-бабының төртінші бөлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 13-тармақта:

"84", "484", "485" деген цифрлар тиісінше "80", "534", "535" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"заңды өкілі" деген сөздер "заңды өкілдері, олар болмаған кезде қорғаншы және қамқоршы органдар, ұстау орнының әкімшілігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"психологтың," деген сөз "психологтың және" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Егер кәмелетке толмаған адамдардың түзелуі мен қайтадан тәрбиеленуіне ҚК-нің 84-бабында көзделген тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану жолымен қол жеткізу мүмкін болса, соттар үлкен қоғамдық қауіп тудырмайтын қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмаған адамдарға қылмыстық жаза қолдану жағдайларына жол бермеуге тиіс.

Мынадай екі негіздің жиынтығы болған кезде:

сотталған адам қылмыстық теріс қылық жасағаны немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін бірінші рет сотталса;

егер тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану жолымен оның түзелуіне қол жеткізілуі мүмкін болса, ҚК-нің 83-бабының екінші бөлігі бойынша тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданыла отырып жазадан босатылуы мүмкін.";

16) 16-тармақтағы "77" деген цифрлар "79" деген цифрлармен ауыстырылсын;

17) 16-1-тармақта:

"67-бабының үшінші бөлігіне" деген сөздер "68-бабының екінші бөлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жәбірленушімен" деген сөзден кейін ", арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен" деген сөздермен толықтырылсын;

"82" деген цифрлар "84" деген цифрлармен ауыстырылсын;

18) 17-тармақта:

"жасөспірімдерге", "жасөспірімге" деген сөздер тиісінше "кәмелетке толмағандарға" , "кәмелетке толмағанға" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 18-тармақта:

"371", "494" деген цифрлар тиісінше "390", "544" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"тағайындау фактілерін жою" деген сөздер "тағайындауға жол бермеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 19-тармақта:

"53-бабының 4-бөлігінде және 56-бабының 2-3-бөліктерінде" деген сөздер "56-бабының екінші және үшінші бөліктерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 19-1-тармақта:

"қылмыстарды" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықтарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сынақ мерзімі" деген сөздер "пробациялық бақылау" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 20-тармақтағы "79-бабының" деген сөздер "81-бабының" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 21-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚК-нің 81-бабының бірінші бөлігінің мазмұны негізге алына отырып, кәмелетке толмаған жаста қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға мүлікті тәркілеу түрінде қосымша жаза қолданылуға тиіс емес.";

"79-бабына" деген сөздер "81-бабына" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 22-тармақта:

"ҚК 13-бабының төртінші" деген сөздер "ҚК-нің 14-бабының үшінші" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ұрлық үшін" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қайталануын тану" деген сөздерден кейін "және қылмыстардың қауіпті қайталануын тану" деген сөздермен толықтырылсын;

25) 23-тармақтағы "қылмысқа" деген сөз "қылмыстық құқықтық бұзушылыққа" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 24-тармақта:

"Тергеу" деген сөз "Сотқа дейінгі тергеп-тексеру" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмыстық немесе өзге қоғамға қарсы әрекеттерге" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылықтарды немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттерді жасауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 25-тармақта:

"131 және" деген сөздер алып тасталсын;

"132" деген цифрлардан кейін ", 133, 134 және 144" деген цифрлармен толықтырылсын;

"өзге де әрекеттерді жасауға" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ жезөкшелікпен айналысуға, эротикалық мазмұндағы өнімдерді әзірлеуге" деген сөздермен толықтырылсын;

"қылмыстарды" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықтарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 26-тармақта:

"131-бабының 3-бөлігінде және 132-бабының 3-бөлігінде" деген сөздер "132-бабының үшінші бөлігінде, 133-бабының үшінші бөлігінде және 134-бабының екінші бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмыстық немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттерге", "қылмыстық немесе қоғамға жат өзге әрекетке" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылықтарды немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттерді жасауға", деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 27-тармақта:

"қылмысқа" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылық жасауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"2-бөлігіне" деген сөздер "екінші бөлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 28-тармақта:

"ата-анасы (асырап алушылары) немесе қамқоршылары" деген сөздер "заңды өкілдері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ата-ананың (асырап алушылардың) қамқоршының" деген сөздер "заңды өкілдердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"АК-тің 17-бабының 2-тармағы" деген сөздер "АК-нің 17-бабының 2-тармағы, 22-1-бабы" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 29-тармақта:

"84-бабымен" деген сөздер "80, 81, 86-баптарымен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"84-бабының" деген сөздер "80, 86-баптарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 30-тармақтағы "85", "69", "75" деген цифрлар тиісінше "88", "71", "77" деген цифрлармен ауыстырылсын;

33) 31-тармақтағы "387" деген цифрлар "405" деген цифрлармен ауыстырылсын;

34) мынадай мазмұндағы 31-1-тармақпен толықтырылсын:

"31-1. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жататын қылмыстық істер ҚПК-нің 307-бабында белгіленген.";

35) 32-тармақтағы "қылмыстары туралы" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 33-тармақта:

"және кассациялық шағымдарды," деген сөздер "апелляциялық шағымдар мен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және наразылықтарды" деген сөздер алып тасталсын;

37) 34-тармақта:

"396", "492" деген цифрлар тиісінше "414", "486" деген цифрлармен ауыстырылсын;

", 446-1-бабының екінші бөлігі", " , кассациялық" деген сөздер алып тасталсын;

"мағынасы бойынша" деген сөздерден кейін "қорғаушылардың, өкілдер мен" деген сөздермен толықтырылсын;

"сот актісін" деген сөздерден кейін "кассациялық тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жәбірленушінің өкілінің оның іске қатысуы тоқтатылғанға дейін кассациялық сатыдағы сотқа берген өтінішхаты өзіне қатысты өтінішхат келтірілген адам өтінішхатты қарау сәтінде кәмелеттік жасқа толғанына қарамастан барлық жағдайда да қарауға жатады.";

38) мынадай мазмұндағы 36-тармақпен толықтырылсын:

"36. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-тармағына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.";

5. "Ауруға шалдығуына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату туралы" 2002 жылғы 11 сәуірдегі № 7 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) тақырыбындағы және кіріспедегі "өтеуден босату" деген сөздерден кейін ", жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 1-тармақта:

"73" деген цифрлар "75" деген цифрлармен ауыстырылсын;

абзацтардың сызықша белгісімен белгіленуі алып тасталсын;

"жазаны өтеуге кедергі жасайтын" деген сөздердің алдынан "өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардан басқа, адам" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 2-тармақта:

"қылмыстың" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"88-бабы 1-бөлігінің "б" тармағына" деген сөздер "91-бабы бірінші бөлігінің 2) тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"90" деген цифрлар "93" деген цифрлармен ауыстырылсын;

4) 3-тармақта бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Өзге де науқастан зардап шеккен адамды сот, егер дәрігерлік комиссия анықтаған оның науқасы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 19 тамыздағы № 530 бұйрығымен бекітілген Жазаны өтеуден босатуға негіз болып табылатын аурулар тізбесіне (бұдан әрі – Аурулар тізбесі) кірген жағдайда ғана, ҚК-нің 75-бабының екінші бөлігіне сәйкес жазаны өтеуден босатады.";

5) 4-тармақ алып тасталсын;

6) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасынан басқа жазаны өтеуге кедергі келтіретін өзге де ауыр науқаспен ауыратын адамды сот жазаны өтеуден босатуы мүмкін немесе жаза неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыруы мүмкін.

Егер жазаның сипаты сотталған адамға жазаның неғұрлым жеңіл түрін өтеуге кедергі келтірмесе, мұндай ауыстыру болуы мүмкін (ҚК-нің 40-бабында көрсетілген түрлерге сәйкес).

Осы ретте жасалған қылмыстың ауырлығын, жазаның өтелген мерзімін, сотталған адамның денсаулық жағдайын, оның жеке басын сипаттайтын деректерді, оның түзелу дәрежесін және сырқаттың тағайындалған жазаны өтеуге қандай мөлшерде кедергі келтіретінін ескеру қажет. Жазаның өтелмеген бөлігін шартты түрде соттаумен ауыстыруға не оны қысқартуға жол берілмейді.";

7) 6-тармақта:

"(әрі қарай - ҚАК) 169-бабының 5 және 6-тармақтарына" деген сөздер "(бұдан әрі - ҚАК) 162-бабының бесінші және алтыншы бөліктеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (әрі қарай ҚІЖК) 455-бабының 2 және 3-бөліктеріне" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 478-бабының үшінші бөлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жазаны орындайтын органның немесе мекеменің бастығының ұсынысы не сотталған адамның өтініші бойынша" деген сөздер "сотталған адамның өтінішхаты бойынша не жазаны орындайтын мекеменің немесе органның ұсынуы бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмысының" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылығының" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 6-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6-1. Сотталған адамның Аурулар тізбесінде көрсетілген жазаны өтеуден босатуға негіз болатын ауруға шалдыққанының анықтығын тексеру үшін жазаны орындайтын мекеменің немесе органның бастығы сотталған адамды емдеу-алдын алу мекемесінің дәрігерлік-бақылау комиссиясының шешімімен Арнайы медициналық комиссияға (бұдан әрі - АМК) жіберетінін соттар назарға алғандары жөн.

Сотталған адамды куәландыру және қорытынды беру тәртібін АМК ҚАК-тің 162-бабына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 19 тамыздағы № 530 бұйрығымен бекітілген Ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынылатын сотталғандарды медициналық куәландыру қағидасына сәйкес жүзеге асырады.";

9) 7-тармақта:

"1 немесе 2-топтағы мүгедек" деген сөздер "бірінші немесе екінші топтағы мүгедек" деген сөздермен ауыстырылсын;

"169-бабының 7-тармағына" деген сөздер "162-бабының жетінші бөлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 9-тармақта:

"ҚІЖК-нің 455-бабының 4 және 5-бөліктерінде" деген сөздер "ҚПК-нің 478-бабының алтыншы бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

", ал әскери қызметшіге қатысты - оның ауруға шалдығуына байланысты әскери қызметке жарамсыз деп танылғаны" деген сөздер алып тасталсын;

11) 10-тармақта:

"өтеуден босату" деген сөздерден кейін ", жазаның өтелмеген бөлігін ауыстыру" деген сөздермен толықтырылсын;

"сотталған адамның жазаны өтеп жүрген жеріндегі" деген сөздер "үкім орындалып жатқан жердегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ҚІЖК-нің 454-бабында" деген сөздер "ҚПК-нің 477, 478-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 11-тармақтағы "ҚІЖК-нің 455-бабының 1-бөлігінің" деген сөздер "ҚПК-нің 476-бабы 7) тармағының" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 12-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚПК-нің 481-бабының төртінші бөлігіне және 478-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес, ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату туралы мәселені қарау кезінде қорғаушының, заңды өкілдің, прокурордың, жазаны орындайтын мекеме немесе орган өкілінің, қорытынды берген дәрігерлік комиссия өкілінің сот отырысына қатысуы міндетті. Қажетті жағдайларда сот отырысына сот қаулысы бойынша сараптама жүргізген және қорытынды берген сарапшы қатысады.";

"ҚІЖК-нің 455-бабының 4-бөлігінде" деген сөздер "ҚПК-нің 478-бабының төртінші бөлігінің тәртібімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 15-тармақтағы "жазаның орындалуын іске асыратын органдарға," деген сөздер "жазаны орындайтын мекемелерге немесе органдарға," деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 16-тармақтағы "жазаны орындайтын орган" деген сөздер "жазаны орындайтын мекемелер немесе органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 17-тармақта:

"73-бабының 3-бөлігіне" деген сөздер "75-бабының үшінші бөлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"94" деген цифрлар "97" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"мүмкін" деген сөз "тиіс" деген сөзбен ауыстырылсын;

"75, 85-баптарында" деген сөздер "71, 77, 88-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өтпеген болса," деген сөздерден кейін "не оны қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату үшін негіз болмаса" деген сөздермен толықтырылсын;

"жазаны орындайтын органдардың ұсынысы" деген сөздер "жазаны орындайтын мекеменің немесе органның ұсынуы" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 18-тармақта:

"қылмыс" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмысы" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"1-бөлігіне" деген сөздер "бірінші бөлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 19-тармақта:

"өтеуден босату" деген сөздерден кейін ", жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру" деген сөздермен толықтырылсын;

"және қадағалау тәртібімен" деген сөздер "тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) мынадай мазмұндағы 21-тармақпен толықтырылсын:

"21. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.";

6. "Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы" 2003 жылғы 11 шілдедегі № 8 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 14, 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 12, 2007 жылғы 11 мамырдағы № 3, 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1, 2017 жылғы 29 маусымдағы № 6 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) кіріспедегі "қылмыстарды" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықтарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) бүкіл мәтін бойынша "қылмыстарды", "қылмыстардың", "қылмыс", "Қылмыс", "қылмыстың", "Қылмыстың", "қылмысты", "қылмысқа", "қылмыстар", "қылмысының", "қылмысы" деген сөздер тиісінше "қылмыстық құқықтық бұзушылықтарды", "қылмыстық құқық бұзушылықтардың", "қылмыстық құқық бұзушылық", "Қылмыстық құқықтық бұзушылық", "қылмыстық құқық бұзушылықтың", "қылмыстық құқық бұзушылықты", "қылмыстық құқық бұзушылыққа", "қылмыстық құқық бұзушылықтар", "қылмыстық құқық бұзушылығының", "қылмыстық құқық бұзушылығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ҚК" деген сөз "ҚК-нің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып, кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған құқыққа қарсы өтеусіз алып қою және (немесе) айналдыру бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену деп танылады.";

4) 3-тармақтағы "187", "188" деген цифрлар тиісінше "202, 203", "204" деген цифрлармен ауыстырылсын;

5) 7-тармақтағы ", алаяқтық" деген сөз алып тасталсын;

6) 10-тармақтағы "54-бабының 1-бөлігінің "д" тармағына" деген сөздер "54-бабы бірінші бөлігінің 5) тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Егер ұымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда немесе заңсыз әскерилендірілген құралым қылмыс жасаса, ол қылмыстық топтың қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны болып табылады.

Бұл орайда тиісті жағдайларда кінәлілердің әрекеттері қылмыстық топты құрғаны не оларға қатысқаны үшін жауаптылықты көздейтін ҚК-нің баптары бойынша қосымша саралануға тиіс.";

8) 13-тармақтағы "145" деген цифрлар "149" деген цифрлармен ауыстырылсын;

9) 14-тармақта:

"7-бабының 42-тармағына" деген сөздер "7-бабының 49) тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қылмыстық іс жүргізу кодексінің" деген сөздер "Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"каюта" деген сөзден кейін ", купе" деген сөзбен толықтырылсын;

"балкондары," деген сөзден кейін "мансардты құрылыстар," деген сөздермен толықтырылсын;

"теңіз кемесі" деген сөздерден кейін "және басқалары" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 15-тармақта:

бірінші және екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚК-нің 3-бабының 38) тармағында белгіленген біржолғы заңсыз иемденген бөтеннің мүлкінің құны бөтеннің мүлкін ірі мөлшерде заңсыз иемдену деп танылады.

Егер заңсыз иемденген бөтеннің мүлкінің жалпы құны ҚК-нің 3-бабының 38) тармағында белгіленген мөлшерден асса, бірыңғай ниетпен жасалған, бірнеше эпизодтардан тұратын бірыңғай жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылық та ірі мөлшерде бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену болып саралануға тиіс.";

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Заңсыз иемденген бөтеннің мүлкінің мөлшері айлық есептік көрсеткішке шаққанда еселеніп анықталатындықтан, саралау кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасалған сәтте Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген айлық есептік көрсеткіш қолданылады.";

үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы абзацтар төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші абзацтар болып есептелсін;

"сарапшылар қорытындысының" деген сөздер "маманның немесе сарапшының қорытындысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Бөтеннің мүлкін ұсақтап заңсыз иемдену деп мүліктің меншік иесіне мөлшері ҚК-нің 3-бабының 11) тармағында айқындалған болмашы шығын келтірілген бөтеннің мүлкін ұрлауды, алаяқтықты, иемденуді немесе талан-таражға салуды түсінген жөн."

12) 18-тармақта:

"176", "228", "307", "308" деген цифрлар тиісінше "189", "250", "361", "362" деген цифрлармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Иелену – егер кінәлі адам әлі жұмсамаса немесе мүлікті иеліктен өзге де түрде шығармаса, кінәлі адамға сеніп тапсырылған бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып, өз пайдасына немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта құқыққа қарсы қайтарымсыз айналдырудан тұратын ұрлық нысаны. Кінәлі адам ұрлаған мүлікті жұмсаса не өзге де түрде иеліктен шығарса, онда оның әрекеті талан-таражға салу ретінде саралауға жатады.";

13) 21-тармақта:

"179-бабы екінші бөлігінің г) тармағымен" деген сөздер "192-бабы екінші бөлігінің 4) тармағымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"1998 жылғы 30 желтоқсандағы" деген сөздерден кейін "№ 339" деген сөздермен толықтырылсын;

"сараптама қорытындысымен" деген сөздер "маманның немесе сарапшының қорытындысымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"178", "179" деген цифрлар тиісінше "191", "192" деген цифрлармен ауыстырылсын;

14) 22-тармақтағы "сарапшылық жолмен" деген сөздер "маманның немесе сарапшының қорытындысымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 23-тармақтағы "179", "104" деген цифрлар тиісінше "192", "107" деген цифрлармен ауыстырылсын;

16) 24-тармақта:

"179", "103" деген цифрлар тиісінше "192", "106" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"ҚК 179-бабының тиісті бөліктері және 96-бабы екінші бөлігінің з) тармағы" деген сөздер "ҚК-нің 192-бабы және 99-бабы екінші бөлігінің 8) тармағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ҚК 96-бабы екінші бөлігінің к) тармағында және ҚК 175-бабының тиісті бөлігінде" деген сөздер "ҚК-нің 99-бабы екінші бөлігінің 10) тармағында және ҚК-нің 188-бабының тиісті бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 26-тармақта:

"180" деген цифрлар "193" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"сарапшылық қорытынды" деген сөздер "маманның немесе сарапшының қорытындысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Кінәлі адам ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени жағынан құнды заттарды ұрлаған, сонымен қатар бөтеннің өзге мүлкін ұрлаған жағдайда, жасалған әрекеттер тұтастай қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша – ҚК-нің 193-бабының тиісті бөлігімен және ұрлау тәсіліне байланысты ҚК-нің тиісті баптары (188, 189, 190, 191 немесе 192-баптары) бойынша саралануға жатады.";

18) 29-тармақта:

"183" деген цифрлар "196" еген цифрлармен ауыстырылсын;

"қылмыс жасау арқылы алынған мүлікті иемденіп алу", "қылмыс жасау жолымен алынған мүлікті иемденіп алу" деген сөздер "қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 31-тармақтағы "ҚІЖК 169 – бабының" деген сөздер "ҚПК-нің 170-бабының" деген сөздермен ауыстырылсын;

7. "Сот актілерін орындамағаны үшін жауаптылық туралы" 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 12 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 5, 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 3 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі - Конституция) 76-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 127, 472-баптарына, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 21-бабының екінші бөлігіне, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 884-бабына сәйкес заңды күшіне енген сот актілері, сондай-ақ сот төрелігін жүзеге асыру кезінде соттар мен судьялардың өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары, сұрау салулары және басқа да өтініштері, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, азаматтар үшін міндетті болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындауға жатады.

Заңды күшіне енген сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін не атқару құжатын орындамау, сол сияқты олардың орындалуына кедергі келтіру заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Борышкердің сот актісін оның белгілі бір бөлігінде не толық көлемде орындауға нақты мүмкіндігінің болмауы адамды әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкіндігін жояды.

Сот актісін орындауға нақты мүмкіндіктің болмауы деп борышкерде өндіріп алынуы мүмкін мүліктің немесе ақшалай қаржаттың жоқтығын; жұмыс берушінің жалақы төлемеуін; зейнетақы мен жәрдемақы төлеудің тоқтатылуын; борышкердің емделуіне байланысты ұзақ уақыт науқастануын және еңбекке жарамсыздық бойынша

жәрдемақы мен жалақы алмауын; соттың қаулысымен алкоголизмнен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан және туберкулезден мәжбүрлеп емделуін; бұрын борышкер мамандығы бойынша меңгермеген басқа жұмысты алдағы уақытта алуына байланысты қайта оқуын және борышкердің белгілі бір уақытта сот актісін орындауға нақты мүмкіндігі болмайтын басқа да себептерді есептеу керек.

Көрсетілген жағдайларда борышкерді сот актісін, атқару құжатын орындамағаны үшін жауаптылықтан босату аталған мән-жайлар жойылғаннан кейін оның сот актісін, атқару құжатын, сонымен қатар пайда болған берешекті ескере отырып, заңға сәйкес орындау міндеттерін жоймайды.

Сот шешімі бойынша кәмелетке толмаған балаларын, он сегіз жасқа толған еңбекке қабілетсіз балаларын асырау не өзінің еңбекке қабілетсіз ата-анасын асырау үшін қаражат төлеуге міндетті борышкердің 3 (үш) ай бойы (сот орындаушысы хабарлаған сәттен бастап) жұмысқа орналасуға мұқтаж адам ретінде оны есепке қою үшін құзыретті мемлекеттік органдарға жүгінуден бас тартуын заңды күшіне енген сот актілерін, атқару құжатын орындаудан жалтаруы деп есептеу керек.

Сондай-ақ сот шешімі бойынша еңбекке қабілетсіз және материалдық көмекке мұқтаж зайыбын (жұбайын) асырау үшін қаражат төлеуге міндетті борышкердің 6 (алты) ай бойы (сот орындаушысы хабарлаған сәттен бастап) жұмысқа орналасуға мұқтаж адам ретінде оны есепке қою үшін құзыретті мемлекеттік органдарға жүгінуден бас тартуын сот актілерін, атқару құжатын орындаудан жалтаруы деп есептеу керек.

Бұл ретте, егер борышкер жұмыссыз ретінде есепте тұрғанымен, ұсынылған бос жұмыс орнынан бас тартқан жағдайда, оның сот актісін, атқару құжатын (оның белгілі бір бөлігінде не толық көлемде) орындауға нақты мүмкіндігінің болмауы орын алмайды.";

2) 2-тармақта:

"ҚІЖК-нің" деген сөздер "ҚПК-нің" деген сөздермен ауыстырылсын;

", үкім шығару, азаматтық талапты қанағаттандыру жөнінде шешім немесе өзге де сот актісін шығару" деген сөздер алып тасталсын;

"АІЖК-нің 158, 159" деген сөздер "АПК-нің 155, 156" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 3-тармақтағы "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" деген сөздерден кейін "2000 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 4-тармақта:

"АІЖК-нің 240-7-бабының 1-бөлігінің" деген сөздер "АПК-нің 252-бабының бірінші бөлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бас тартудың себептерін көрсете отырып," деген сөздерден кейін "АПК-нің 252-бабының бесінші бөлігіне сәйкес апелляциялық сатыдағы сотқа шағым берілуі мүмкін" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші және төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Тараптар және атқарушылық іс жүргізудегі тараптардың өкілдері санкцияны беруден бас тарту туралы ұйғарымға шағымдануға құқылы.

Сот санкция берген атқарушылық әрекеттерді жүргізу туралы қаулы дау туындаған жағдайда АПК-нің 250-бабына сәйкес тексерілуге жатады.";

5) 4-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Сот орындаушылары атқару құжаттарын алған кезде сот актілері мен атқарушылық құжаттарды орындауды қамтамасыз етуге бағытталған, Заңның 32-бабында көзделген шараларды дереу қабылдағандары жөн.

Көрсетілген шаралар заңда көзделген жағдайларда ғана соттың санкциясымен қабылданады.";

б) мынадай мазмұндағы 4-2, 4-3-тармақтармен толықтырылсын:

"4-2. Сот орындаушысы борышкер болып табылатын жеке тұлғаның, заңды тұлға басшысының (міндетін атқарушының) Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулыны (бұдан әрі - шығуды уақытша шектеулер) АПК-нің 252-бабының және Заңның 33-бабы 1-тармағының негізінде шығарады.

Сот санкция беру туралы мәселені шеше отырып, Заңның 33-бабы 1-тармағының ережесі атқарушылық құжаттарды тез әрі уақтылы орындауды, борышкерлер өз міндеттерін өндірушілердің алдында орындауға міндетті өндірушілердің құқықтарын сақтауды көздейтінін негізге алуға тиіс.

Шығуды уақытша шектеу негіздері Заңның 33-бабының 1-тармағында көзделген, олар түпкілікті болып табылады.

Сот санкция беру туралы мәселені шеше отырып, шығуды уақытша шектеу үшін негіздердің бар-жоғын, сот орындаушысының Заңның 32-бабында көзделген әрекеттерді орындаған-орындамағанын анықтауға тиіс. Көрсетілген мән-жайлар дәлелденген кезде сот санкция береді.

Сондықтан жауапкердің Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығуға ниеті туралы мәліметтердің жоқтығы, атқарушылық құжаттарды орындамаудың дәлелсіз себептеріне дәлелдемелердің жоқтығы сияқты және т.б. мән-жайлар санкция беруден бас тартудың формальді негіздері болып табылады.

Республикадан тыс жерге шығуы уақытша шектелген адамның құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін уақтылы қорғау мақсатында сот санкция берген шығуды уақытша шектеу туралы қаулыны сот орындаушысы борышкердің назарына жеткізеді.

Шығуды уақытша шектеулер Заңның 33-бабының 3-тармағында көзделген негіздерде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Республикадан тыс жерде емдеу жүргізудің қажеттілігі адамға тек республикадан тыс жерде білікті медициналық көмек көрсетілуі мүмкін екендігін білдіреді және осы

мән-жай тиісті медициналық құжаттармен (ДКК қорытындысы, Денсаулық сақтау департаментінің қорытындысы немесе анықтамасы және т.б.) расталуы тиіс.

Сот орындаушысының заңды тұлға басшысының (міндетін атқарушының) Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығуын уақытша шектеу туралы қаулысы, егер сотқа осы адамның борышкердің заңды тұлғасының басшысы (міндетін атқарушы) болып табылатыны жөнінде шынайы дәлелдемелер ұсынылса, соттың санкциялауына жатады.

4-3. Өндіріп алу борышкердің жалақысына және өзге де кіріс түрлеріне қолданылған кезде соттың санкциясы талап етілмейді.";

7) 6-тармақтағы "кінәлі адамдарды" деген сөздерден кейін "әкімшілік немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

8) мынадай мазмұндағы 6-1, 6-2, 6-3-тармақтармен толықтырылсын:

"6-1. ӘҚБтК-нің 669-бабы бойынша әкімшілік жауаптылық сот актілерін, атқарушылық құжатты орындамаған кезде туындайды.

Әкімшілік жауаптылыққа әкеп соқтыратын орындамау деп борышкердің әрекетін немесе әрекетсіздігін түсінген жөн, ол борышкердің сот актісін, атқарушылық құжатты орындаудан жалтаруынан көрінеді және қылмыстық жазаланатын әрекет белгілерін қамтымайды.

ӘҚБтК-нің 893-бабының бірінші бөлігіне сәйкес айыппұлды әкімшілік жауаптылыққа тартылған адам қаулы заңды күшіне енген күннен бастап отыз тәуліктен кешіктірмей төлеуге тиіс. Осы мерзім өткен соң немесе кейінге қалдыру мерзімі өткен соң айыппұл төленбеген жағдайда, мұндай адам қаулы мәжбүрлеп орындауға жіберілгеніне қарамастан ӘҚБтК-нің 669-бабы бойынша жауаптылыққа тартылуға жатады.

6-2. Сот орындаушысының іс жүргізуінде тұрған атқарушылық құжатты орындау туралы талапты қоспағанда, сот орындаушысының қаулыларын және өзге де заңды талаптарын орындамау ӘҚБтК-нің 670-бабы бойынша жауаптылыққа әкеп соғады.

6-3. Борышкер атқарушылық іс жүргізу бойынша заңды тұлға болып табылған жағдайда, заңды тұлға оны орындамағаны үшін ӘҚБтК-нің 669-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатады.

Егер атқарушылық іс жүргізу бойынша заңды тұлғаның қызметкері борышкер болып табылса, онда оны орындамағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа өзінің кінәсінен сот актісі немесе атқарушылық құжат орындалмаған лауазымды тұлға тартылады.";

9) 7-тармақта:

"Кінәлі адамдарды" деген сөздерден кейін "әкімшілік немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

"ұсынымда" деген сөзден кейін "(хабарламада)" деген сөзбен толықтырылсын;

"Ұсынымға" деген сөзден кейін "(хабарламаға)" деген сөзбен толықтырылсын;

абзацтардың сызықшамен белгісімен белгіленуі алып тасталсын;

10) 8-тармақта:

"ҚІЖК-нің" деген сөздер "ҚПК-нің" деген сөздермен ауыстырылсын;

", ал жеке айыптау істері бойынша – соттар" деген сөздер алып тасталсын;

"іс қозғау" деген сөздер "сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ұсынымын" деген сөзден кейін "(хабарламасын)" деген сөзбен толықтырылсын;

11) 13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Сот актісінің не атқарушылық құжаттың орындалуына кедергі келтіру деп оларды орындау мүмкін болмайтындай бағыттталып жасалған кез келген қасақана әрекетті (әрекетсіздікті) түсіну керек.

Кедергі келтіру сот орындаушысының тізімдемеге, бағалауға, тыйым салуға, сауда-саттық өткізуге, борышкердің мүлкі болуы мүмкін тұрғын үйлер мен басқа да үй-жайларды, қоймаларды қарауға қол жеткізуін шектеу, жұмыс беруші ұйымының атқарушылық құжат бойынша берешекті өтеу есебіне борышкерден ақша қаражатын ұстауын жүзеге асырмау, кірістің алынуын жасыру мақсатында сот орындаушысына белгісіз шоттарды ашу және орындау үшін кедергі тудыратын басқа да әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасау түрінде байқалуы мүмкін.";

12) 14-тармақта:

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының" деген сөздер "Заңның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қозғалған" деген сөз "Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 15-тармақтағы "ҚІЖК-нің" деген сөздер "ҚПК-нің" деген сөздермен ауыстырылсын;

8. "Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы" 2004 жылғы 18 маусымдағы № 1 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 22, 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) тақырыбында "қылмыстар" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықтар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) кіріспедегі "қылмыстар" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықтар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) бүкіл мәтін бойынша "қылмыс", "қылмыстар", "қылмыстарды", "қылмыстардың" деген сөздер тиісінше "қылмыстық құқық бұзушылық", "қылмыстық құқық бұзушылықтар", "қылмыстық құқық бұзушылықтарды", "қылмыстық құқық бұзушылықтардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1-тармақта:

"немесе белгілі бір" деген сөздер "және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын;
"ережелер мен талаптардың" деген сөздер "талаптар мен қағидалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 2-тармақтағы үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер қылмыстық заң нормасында кінәлі адамның өзінің қызмет бабын пайдаланып әрекет жасауы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтың саралаушы белгісі ретінде көзделсе, онда экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты көздейтін ҚК-нің бабы (баптың бөліктері) бойынша ғана жауаптылық туындайды.";

6) 3-тармақта:

"240-243" деген цифрлар "270, 271, 272, 273" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"Экологиялық кодексінің" деген сөздерден кейін "(бұдан әрі - ЭК)" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 4-тармақта:

"(ҚК-нің 278-бабының екінші бөлігі, ҚК-нің 279-бабының екінші бөлігі, ҚК-нің 281-бабының екінші бөлігі, ҚК-нің 285-бабының екінші бөлігі, ҚК-нің 287-бабының екінші бөлігі, ҚК-нің 288-бабының бірінші бөлігі, ҚК-нің 291-бабының үшінші бөлігі)" деген сөздер "(ҚК-нің 325, 326, 328, 332-баптарының екінші бөліктері, 335-бабы үшінші бөлігінің 6) тармағы, 337-бабы төртінші бөлігінің 1) тармағы, 340-бабы үшінші бөлігінің 4) тармағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің" деген сөздер "ЭК-нің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" деген сөздерден кейін "2006 жылғы 7 шілдедегі № 175" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қорында ағаштар мен бұталарды, оның ішінде табиғи, антропогендік және техногендік факторлардың салдарынан зақымданған және жойылған ағаштар мен бұталарды: ағаш кесу билетінсіз; ағаш кесу билеті бойынша мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу қағидаларын бұзып, ағаш кесу билетінде белгіленген мерзімдерді сақтамай кесуді; есепті кеспеағаш аймағынан асып түсетін мөлшерде кесуді және Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 113-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында және басқа да нормативтік құқықтық актілерде белгіленген қағидаларды өзгедей бұзуды ағашты заңсыз кесу деп түсінген жөн.";

9) 6-тармақта:

"Заңсыз кесу" деген сөздерден кейін ", ағаштар мен бұталардың жойылуы немесе зақымдануы" деген сөздермен толықтырылсын;

", шырмауық тұқымдас өсімдіктердің", "елеулі шығын келтірілгені туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін" деген сөздер алып тасталсын;

10) 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесуден, жоюдан немесе зақымдаудан болған шығынды анықтау кезінде кесілген немесе зақымданған ағаштар мен бұталардың тек ақшаға шаққандағы құны ғана назарға алынбайтындығын атап өткен жөн. Егер ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау өзгедей экологиялық зиянға әкеп соққан жағдайларда (су қойнауларының құрғауы, шөптердің және өзге де өсімдіктердің шықпай қалуы, сол жерде жануарлардың, құстардың, пайдалы жәндіктердің және т.б. құрып кетуі) залал қоршаған ортаның бұзылған экологиялық жай-күйін қалпына келтіруді бағалау негізінде анықталады.";

11) 9-тармақта:

"дауыл сындырған ағаштарды" деген сөздерден кейін ", орман өсіру үшін жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігіне берілген жерлерді" деген сөздермен толықтырылсын;

"Ағаштар мен бұталарды өтеусіз иемдену мақсатында жасалған мұндай әрекеттер," деген сөздер "Көрсетілген жерлерде өсіп тұрған ағаштар мен бұталарды оларды кейін өтеусіз иемдену үшін заңды негіздерде кесу" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Аңшылық объектілеріне жататын және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 582-бабының 2-тармағында санамаланған жануарлардың түрлері заңсыз аңшылық нысанасы болып табылады.

Аңшылық объектісі болып табылатын жануарлардың түрлерін тиісті рұқсатсыз не арнайы тыйым салынғанына қарамастан өмір сүру ортасынан алуды не аңшылыққа құқығы жоқ немесе аңшылықты жүзеге асыру үшін заңсыз рұқсат алған адамның не белгіленген жерден тыс, тыйым салынған мерзімдерде, тыйым салынған қарулармен және әдістермен не "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Жануарлар дүниесін қорғау туралы заң) 38-бабының 5-тармағында белгіленген өзге де талаптарды бұза отырып, аңшылықты жүзеге асыруын заңсыз аңшылық деп есептеген жөн.

Жоғарыда көрсетілген талаптарды бұза отырып жасалған, жануарлар дүниесі объектілерін аулау мақсатында іздеу, ізін кесу және ізіне түсу, аулауға әрекет жасау, қабынан шығарылған аңшылық қаруы және басқа да аң аулау құралдары немесе аң аулаудан алған өнімдері бар, қарғыбауы алынған аң аулайтын иттері және аңдарды ұстайтын жыртқыш құстары бар адамдардың аңшылық алқаптарда жүруін аңшылық өнім объектісін аулаған-ауламағанына қарамастан заңсыз аңшылық деп таныған жөн.";

13) 11-тармақта:

"автокөлік құралдарын немесе әуе кемесін" деген сөздер "авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы не көлемі шағын кемелерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(ҚК 288-бабының бірінші бөлігінің "б" тармағы)" деген сөздер "(ҚК-нің 337-бабының бірінші бөлігі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 12-тармақта:

"Егер" деген сөзден кейін "жарылғыш құрылғылар немесе жануарларды жаппай қырып-жоятын өзге де құралдар қолданылған" деген сөздермен толықтырылсын;

"жарылғыш заттар" деген сөздерден кейін "мен жарылғыш құрылғылар" деген сөздермен толықтырылсын;

"251" деген цифрлар "287" деген цифрлармен ауыстырылсын;

15) 13-тармақта:

"Балық мен өзге де" деген сөздер "Балық ресурстарын, басқа да" деген сөздермен ауыстырылсын;

"не тыйым салынған әдіспен" деген сөздер "не тыйым салынған әдіспен не Жануарлар дүниесін қорғау туралы Заңның 39-бабының 5-тармағында белгіленген өзге де талаптар бұзылып" деген сөздермен ауыстырылсын;

абзацтардың "а)", "б)" деп белгіленуі алып тасталсын;

"электр тогын немесе" деген сөздерден кейін "балық ресурстары мен басқа да" деген сөздермен толықтырылсын;

"287" деген цифрлар "335" деген цифрлармен ауыстырылсын;

бесінші абзац алып тасталсын;

16) 15-тармақта:

"ірі (елеулі) зиянның бары немесе жоқтығы" деген сөздер "елеулі, ірі немесе аса ірі зиянның бары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"зубрді, бұланды, бұғыны ату" деген сөздер "пайдалануға тыйым салынған өсімдіктерді немесе жануарларды жойған кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. ҚК-нің 335, 337-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар, шын мәнінде балықты, су жануарларын немесе өзге де жануарларды, өсімдіктерді олжалап алған-алмағанына қарамастан аңдыған, ізіне түскен, олжалаған, аулаған сәттен бастап аяқталған құқық бұзушылықтар болып есептеледі. Елеулі немесе ірі залал келтіру қылмыстық құқық бұзушылықтың міндетті белгісі болып табылған жағдайларда, аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық құрамы осындай залал тек шын мәнінде болған кезде орын алуы мүмкін.";

18) 17-тармақта:

"егер осы әрекеттер елеулі түрде зиян келтіру немесе ҚК-нің 281-бабының тиісті бөлігінде көрсетілген салдардың біріне әкеп соққан" деген сөздер "егер бұл қоршаған

ортаға елеулі, ірі немесе аса ірі зиян келтіруге не ҚК-нің 328-бабында көрсетілген өзге де салдарға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру деп (ҚК-нің 325, 326, 328-баптарының бірінші бөлігі, 335-бабы бірінші бөлігінің 1-тармағы, 337-бабының үшінші бөлігі және 342-бабының бірінші бөлігі) адамның денсаулығына зиян келтіруді, қоршаған орта, демалыс орындары сапасының айтарлықтай нашарлауын, жануарлардың жаппай ауыруының туындауын, балық қорларының, өзге де су өсімдіктері мен организмдерінің елеулі көлемде азаюын және құрып кетуін, өсімдіктер мен орман алқаптарының ауыруын және жойылуын, жердің құнарлылығының анағұрлым төмендеуін, адамдардың жаппай ауыруын, сондай-ақ орнына келтіру үшін жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын мөлшерде шығынды талап ететін өзге де салдарды түсінген жөн.

Қоршаған ортаға ірі зиян келтіру деп (ҚК-нің 324-бабының бірінші бөлігі, 325, 326, 328-баптарының екінші бөлігі, 329, 330, 332, 333, 334-баптарының бірінші бөлігі, 335-бабының төртінші бөлігі, 337-бабы төртінші бөлігінің 4-тармағы, 338-бабы, 340-бабы үшінші бөлігінің 3-тармағы, 341-бабының бірінші бөлігі және 343-бабының екінші бөлігі) қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі белгіленген осындай зиян келтіруді түсінген жөн.

Қоршаған ортаға аса ірі зиян келтіру деп (ҚК-нің 324-бабының екінші бөлігі, 325, 326, 328-баптарының үшінші бөлігі, 329, 330, 332, 333, 334-баптарының екінші бөлігі, 337-бабы бесінші бөлігінің 2-тармағы және 343-бабының үшінші бөлігі) қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі белгіленген осындай зиян келтіруді түсінген жөн.";

20) 19-тармақ алып тасталсын;

21) 20-тармақта:

(ҚК-нің 277, 279, 281, 282, 285-баптары) деген сөздер (ҚК-нің 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333-баптары, 343-бабының екінші бөлігі) деген сөздермен ауыстырылсын ;

22) 21-тармақ алып тасталсын;

23) 22-тармақта:

бірінші және екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Экологиялық заңнаманы бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген материалдық шығынды өтеу туралы талап, егер қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі кіресілі-шығасылы адамның қылмыстық жазаланатын әрекетімен зиян тікелей келтірілсе, сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған сәттен бастап сот тергеуі аяқталғанға дейін қойылуы мүмкін.

Сот талап арыздан жазбаша түрде не электрондық құжат нысанында бас тартуды сот талқылауының кез келген сәтінде, бірақ сот үкім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін қаулы шығара отырып қабылдай алады.";

"(ҚІЖК-нің 163, 165-баптары)" деген сөздер "(ҚПК-нің 166, 167, 169-баптары)" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 23-тармақтағы бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Заң бұзушы келтірген экологиялық зиян әдейі жасалған әрекеттің (әрекетсіздіктің) немесе абайсызда жасаудың нәтижесінде келтірілгендігіне қарамастан Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларына, ЭК-нің 321, 322-баптарына, Жануарлар дүниесін қорғау туралы заңға, "Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/158 бұйрығына, "Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 31 мамырдағы № 441 қаулысына сәйкес зиян келтірілген сәттегі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген шығынның мөлшерін есептеу таксасы мен әдістері негізінде, ал олар болмаған жағдайда - келтірілген залалдарды ескере отырып, қоршаған ортаның бұзылған жағдайын қалпына келтіруге жұмсалған нақты шығындар бойынша есептеледі және кінәлі адамның оның орнын толық көлемде өтеуіне жатады.";

25) 24-тармақтағы "қылмыстармен" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықтармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 25-тармақтағы орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі;

27) 26-тармақта:

", заттар мен қондырғылар, қарулар" деген сөздер ", заттар, қондырғылар мен қарулар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"121" деген цифрлар "118" деген цифрлармен ауыстырылсын:

28) 27-тармақта:

"41" деген цифрлар "50" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"талқылауы" деген сөз "қарауы" деген сөзбен ауыстырылсын;

9. "Азаматтық талапты қылмыстық процесте қарау туралы" 2005 жылғы 20 маусымдағы № 1 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 10, 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1, 2013 жылғы 4 сәуірдегі № 2 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) бүкіл мәтін бойынша:

"қылмыспен", "қылмысымен", "қылмыстық заңмен тыйым салынған" деген сөздер тиісінше "қылмыстық құқық бұзушылықпен", "қылмыстық құқық бұзушылығымен", "қоғамға қауіпті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ҚІЖК-нің", "ҚІЖК-мен", "АІЖК-нің" деген сөздер тиісінше "ҚПК-нің", "ҚПК-мен", "АПК-нің", деген сөздермен ауыстырылсын;

"процессуалдық" деген сөз "процестік" деген сөзбен ауыстырылсын;

"жеке айыптау", "жеке айыптаушыларға", "жеке айыптаушы" деген сөздер тиісінше "жекеше айыптау", "жекеше айыптаушыларға", "жекеше айыптаушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"есі кіресілі-шығасылы" деген сөздер "есі дұрыс емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-тармақта:

"Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінде (бұдан әрі - ҚІЖК)" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде (бұдан әрі – ҚПК)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"162-бабының алтыншы бөлігіне" деген сөздер "166-бабының екінші бөлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 3-тармақта:

"62", "75", "77", "163" деген цифрлар тиісінше "58", "71", "73", "167" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"қылмыстық заңмен тыйым салынған" деген сөздер "қоғамға қауіпті" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац алып тасталсын;

төртінші, бесінші, алтыншы абзацтар тиісінше үшінші, төртінші, бесінші абзацтар деп есептелсін;

"жойылған" деген сөзден кейін "не бүлінген" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық талап қою қылмыстық құқық бұзушылық аяқталса да, аяқталмаса да кез келген уақытта сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған сәттен бастап, бірақ сот тергеуі аяқталғанға дейін немесе есі дұрыс емес адам қоғамға қауіпті әрекетті жасаған, сондай-ақ күдікті анықталмаған кезде де қойылуы мүмкін.";

4) 4-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық талаптар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралатын талап арыздарға қойылатын талаптарға сәйкес жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанында берілуі мүмкін.";

үшінші абзацтағы "айыптау ісін" деген сөздер "айыптауды" деген сөзбен ауыстырылсын;

"390" деген цифрлар "408" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"қосымша азаматтық талап қойылуы" деген сөздер "азаматтық талап қосымша толықтырылуы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 5-тармақтағы "77", "62" деген цифрлар тиісінше "73", "58" деген цифрлармен ауыстырылсын;

6) 6-тармақта:

"62", "77", "163", "162" деген цифрлар тиісінше "58", "73", "167", "166" деген цифрлармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Талап қою арызын қайтару туралы азаматтық талапкер берген арыздың негізінде қылмыстық процесті жүргізуші орган қылмыстық процестің кез келген сатысында талап қою арызын қайтару туралы қаулы шығарады. Егер мұндай арыз сот жарыссөздерін өткізу кезінде келіп түскен жағдайда, судья оны қарау және процестік шешім қабылдау үшін сот тергеуін қайта бастайды.";

7) 7-тармақта:

"Қылмыспен", "қылмыс" деген сөздер тиісінше "Қылмыстық құқық бұзушылықпен", "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"108", "109", "113" деген цифрлар тиісінше "105", "106", "109" деген цифрлармен ауыстырылсын;

бесінші абзац алып тасталсын;

8) 8-тармақта:

"айыпталушыға (сотталушыға)" деген сөздер "күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"78, 166-баптарына" деген сөздер "74, 167, 198, 344-баптарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"78" деген цифрлар "74" деген цифрлармен ауыстырылсын;

9) 10-тармақта:

"300-бабының 7) тармағына" деген сөздер "320-бабының 6) тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"анықтау немесе алдын ала тергеу" деген сөздер "сотқа дейінгі тергеп-тексеру" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қосымша тергеп-тексеру жүргізуге" деген сөздер "прокурорға" деген сөзбен ауыстырылсын;

"305", "302" деген цифрлар тиісінше "325", "322" деген цифрлармен ауыстырылсын;

10) 11-тармақта:

"162" деген цифрлар "166" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"анықтау, алдын ала тергеу" деген сөздер "сотқа дейінгі тергеп-тексеру" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 12-тармақта:

"168", "325" деген цифрлар тиісінше "169", "344" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"жазбаша арызында" деген сөздерден кейін "не электрондық құжат нысанында" деген сөздермен толықтырылсын;

"және АІЖК-нің 193-бабын" деген сөздер "және Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 170-бабын" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "Қылмыстық процесті жүргізетін орган" деген сөздер "Сот" деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "тоқтатуға әкеп соғады" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ сотқа сол тараптар арасында, сол нысана мен сол негіздер бойынша, оның ішінде азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен дау бойынша қайтадан жүгінуді болдырмайды";

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Прокурордың азаматтық талаптан бас тартуы азаматтық талапкерді, оның мүддесі үшін талап арыз берілген кезде, немесе оның өкілдерін сотта талапты дербес қолдау құқығынан айырмайды.";

12) 13-тармақта:

"117", "124", "392" деген цифрлар тиісінше "113", "121", "410" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"қылмыс" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"айыпталушының" деген сөздің алдынан "күдіктінің," деген сөзбен толықтырылсын ;

13) 14-тармақта:

"77", "78" деген цифрлар тиісінше "73", "74" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"78-бабының төртінші бөлігінде" деген сөздер "74-бабының үшінші бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 15-тармақтағы "қылмыс" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Моральдық зиянды өтеу туралы талап арыздарды қарау кезінде "Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысын басшылыққа алған жөн.";

16) 18-тармақтағы "қылмыс" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 20-тармақтың екінші абзацындағы "Талапкер" деген сөз "Азаматтық талапкер" деген сөздермен ауыстырылсын:

18) 21-тармақта:

"алдын ала" деген сөздер "сотқа дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмысты саралауға ықпалын тигізсе, онда тараптардың өтініші бойынша осы мән-жай қылмыстық істі қосымша тергеуге жіберу үшін негіз болады" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылықты саралауға ықпалын тигізсе, онда осы мән-жай

ҚПК-нің 340-бабының бесінші бөлігінің тәртібімен істі қарауды кейінге қалдыру және прокурорға жаңа айыптау актісін жасау үшін қажет уақытты беру үшін негіз болып табылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 22-тармақтағы "қылмыс" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 23-тармақтағы "талапты оның мәнін түсінбей-ақ мойындауға құқылы, алайда" деген сөздер "талапты мойындауға құқылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 25-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық талапты қараудың нәтижелері бойынша сот мына шешімдердің біреуін қабылдай алады: азаматтық талапты толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы; азаматтық талапты қанағаттандырудан бас тарту туралы; азаматтық талапкердің азаматтық талабын қанағаттандыру құқығын тану және оның мөлшері туралы мәселені соттың азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауына беру туралы; азаматтық талаптан бас тартуды қабылдау және ол бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы; бітімгершілік келісімді не дауды азаматтық талап бойынша медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту және ол бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы; азаматтық талапты қараусыз қалдыру туралы.";

екінші абзацтағы "талап бойынша" деген сөздерден кейін "қабылданған" деген сөздермен толықтырылсын;

22) 26-тармақта:

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Азаматтық талап ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4) тармақтарында көрсетілген негіздермен іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарылған кезде де толық қанағаттандырылуға жатады. Күдікті, айыпталушы, сотталушы немесе олардың заңды өкілдері келтірілген шығынның сомасын даулаған жағдайда, азаматтық талап даудың мәні бойынша шешіле отырып, іс бойынша іс жүргізу ҚПК-нің 35-бабының төртінші бөлігінде көзделген қағидалармен жалғасады.";

екінші абзац үшінші абзац болып есептелсін;

"өтеудің" деген сөзден кейін "негіздері," деген сөзбен толықтырылсын;

23) 27-тармақта:

бірінші, сегізінші абзацтар алып тасталсын;

"75" деген цифрлар "71" деген цифрлармен ауыстырылсын;

24) 30-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиян үшін өндірілуге жататын өтемақының мөлшерін есептеу туралы мәселені азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қараған кезде талапты қанағаттандырудан бас тартуға немесе талапты кері қайтаруға құқылы емес, өйткені ҚПК-нің 127-бабының үшінші бөлігіне сәйкес талапты

қанағаттандыру құқығы танылатын заңды күшіне енген сот үкімі азаматтық істі қарау кезінде сот үшін осы бөлігінде міндетті болып табылады.";

"32" деген цифрлар "30" деген цифрлармен ауыстырылсын;

25) 31-тармақта:

"қылмыс", "қылмысты" деген сөздер тиісінше "қылмыстық құқық бұзушылық", "қылмыстық құқық бұзушылықты" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 32-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 5), 7), 8) тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылған кезде азаматтық талап қараусыз қалдырылуы мүмкін.";

"қылмыс" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Сот жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, олардың өкілдеріне басты сот талқылауының хаттамасымен, басты сот талқылауының дыбыс-, бейнежазбасымен танысу және оларға өздерінің ескертулерін жасау құқығын түсіндіруге міндетті, бұл туралы сот отырысының хаттамасында көрсетілуі тиіс. Сот отырысының хаттамасына ескертулер жазбаша нысанда немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі. Белгіленген мерзімдер бұзылып ресімделген хаттамаға қол қойылған күн туралы аталған адамдар хабардар етілуге тиіс.";

28) 35-тармақта:

бірінші абзацтағы үшінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Апелляциялық өтінішхатты тиісті прокурор ҚПК-нің 414-бабының екінші бөлігіне сәйкес бере алады.";

"наразылықтарды", "наразылықты", "наразылықтар" деген сөздер тиісінше "өтінішхатты", "өтінішхатты", "өтінішхат" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 36-тармақтағы "наразылықта" деген сөз "өтінішхатта" деген сөзбен ауыстырылсын;

30) 37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Апелляциялық сатыдағы сот үкімнің азаматтық талап бөлігіндегі заңдылығын тексере келіп, ҚПК-нің 432-бабының талаптарын ескере отырып, үкімді азаматтық талап бөлігінде өзгертуге құқылы. Азаматтық талап бойынша шешім үкімнің қарар бөлігінде көрсетілмеген жағдайларда, сот талап арызды зерттемеген, берілген азаматтық талап бойынша талапкер мен жауапкерден жауап алмаған, үкімде азаматтық талап жөнінде ешқандай тұжырым жасамаған және қарар бөлігінде азаматтық талап бойынша шешімін мүлде көрсетпеген жағдайларда, апелляциялық сатыдағы сот азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің сот талқылауына және азаматтық

талапты мәні бойынша қарауға қатысуы туралы заң талаптарын орындай отырып, сот тергеуін жүргізеді. Сот талқылауының қорытындылары бойынша апелляциялық сатыдағы сот ҚПК-нің 432-бабының талаптарына сәйкес талап бойынша уәжді шешім қабылдап, үкімді азаматтық талап бөлігінде өзгертеді.

ҚПК-нің 433-бабында көрсетілген негіздер бойынша үкімнің күшін жою үкімге шағым берілгеніне, сондай-ақ прокурордың осы бөлікте оған өтінішхат келтіргеніне қарамастан, азаматтық талап бөлігінде де оның күшін жоюға әкеп соғады.

Сотталушының әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына не есі дұрыс емес адам жасаған әрекеттің сипаты мен оның жағдайы қоғамға қауіп төндірмейтін және мәжбүрлеп емдеуді қажет етпейтін медициналық мәжбүрлеу шараларын оған қолдануға негіздің болмауына байланысты немесе ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 5), 7) және 8) тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша үкімнің күші жойылған және іс тоқтатылған кезде апелляциялық саты азаматтық талапты қараусыз қалдырады.

Егер апелляциялық саты ақтау үкімін шығарса, сол сияқты қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы немесе есі дұрыс емес адамның Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен (бұдан әрі - ҚК) тыйым салынған әрекеті анықталмауына, не сотталушының қатысуы немесе есі дұрыс емес адамның қоғамға қауіпті әрекетті жасағаны дәлелденбеуіне не сотталушының немесе өзіне қатысты медициналық мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы мәселе шешіліп жатқан адамның қылмыстық құқық бұзушылықты немесе ҚК-мен тыйым салынған әрекетті жасаудағы кінәсі анықталмауына орай іс тоқтатылса, онда осы саты азаматтық талапты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

ҚПК-нің 170-бабының үшінші бөлігінде және алтыншы бөлігінің 3) тармағында көзделген жағдайларда азаматтық талапты қарау қылмыстық істен бөлектеп алынған материалдардың негізінде азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен және АПК-де көзделген соттылық қағидалары қолданыла отырып жүзеге асырылады.

Үкімнің күші толық көлемде жойылғаннан кейін қылмыстық істі жаңадан қарау кезінде азаматтық талап ҚПК-де көзделген жалпы негіздер бойынша қайтадан қаралады.";

31) 38-тармақтағы "наразылығында" деген сөз "өтінішхатында" деген сөзбен ауыстырылсын;

32) 39-тармақта:

"467-бабының он екінші бөлігіне" деген сөздер "494-бабының он төртінші бөлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қадағалау тәртібімен" деген сөздер "кассациялық тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қадағалау шағымының" деген сөздер "өтінішхаттың" деген сөзбен ауыстырылсын;
екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚПК-нің 665-бабына сәйкес алқабилердің қатысуымен шығарылған үкім азаматтық талап бөлігінде ҚПК-нің 485-бабы бірінші бөлігінің 1) тармағында және екінші бөлігінде көзделген негіздер болған кезде ғана кассациялық тәртіппен қайта қаралуы мүмкін.";

10. "Әскери қылмыстар жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы" 2005 жылғы 28 қазандағы № 6 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) тақырыбындағы пен кіріспедегі "қылмыстар" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықтар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) бүкіл мәтін бойынша:

"қылмыс", "қылмыстар", "қылмыстардың", "қылмыстарды", "қылмыстың", "қылмыстан", "қылмысқа", "қылмыстармен" деген сөздер тиісінше "қылмыстық құқық бұзушылық", "қылмыстық құқық бұзушылықтар", "қылмыстық құқық бұзушылықтардың", "қылмыстық құқық бұзушылықтарды", "қылмыстық құқық бұзушылықтың" "қылмыстық құқық бұзушылықтан", "қылмыстық құқық бұзушылыққа", "қылмыстық құқық бұзушылықтармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 2-тармақта:

"әскери қылмысы" деген сөздер "әскери қылмыстық құқық бұзушылығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 3-тармақтағы екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес әскери қызметті өткеруді және онымен байланысты өзге де мәселелерді реттейтін Қазақстан Республикасы Заңдарының нормалары арасында қарама-қайшылық туындаған кезде кейін қабылданған заңның нормалары қолданылады.";

5) 4-тармақтағы орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

6) 5-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Адамның кез келген ағзалары мен тіні, оның ішінде трансплантациялау объектілері болып табылмайтын ағзалары мен тіні осы құқық бұзушылықтың нысанасы болуы мүмкін.";

екінші және үшінші сөйлемдер үшінші және төртінші сөйлемдер болып есептелсін;

20) 20-тармақта:

"96-бабы екінші бөлігінің н) тармағында" деген сөздер "99-бабы екінші бөлігінің 13) тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"96-бабы екінші бөлігінің н) тармағы" деген сөздер "99-бабы екінші бөлігінің 13) тармағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"96", "97-100" деген цифрлар тиісінше "99", "100, 101, 102, 103" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"11-бабының бесінші тармағының" деген сөздер "12-бабының төртінші тармағының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"96-бабы екінші бөлігінің а) тармағы" деген сөздер "99-бабы екінші бөлігінің 1) тармағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмыстық істі қосымша тергеуге жіберместен" деген сөздер алып тасталсын;

"96-бабы екінші бөлігінің "а" тармағынан н) тармағына" деген сөздер "99-бабы екінші бөлігінің 1) тармағынан 13) тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 20-1-тармақта:

"96-бабы екінші бөлігінің о) тармағы" деген сөздер "99-бабы екінші бөлігінің 14) тармағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмыс" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"5" деген цифр "6" деген цифрмен ауыстырылсын;

22) 21-тармақтағы "96-бабы екінші бөлігінің б), з), и), к), л), м) тармақтарында" деген сөздер "99-бабы екінші бөлігінің 2), 8), 9), 10), 11), 12) тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. ҚК-нің 255-бабының төртінші бөлігінде көзделген әрекеттер қылмыстық заңның осы нормасымен толық қамтылады. Бұл ретте осы әрекеттер адамның жеке басына қарсы қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықты көздейтін баптар бойынша қосымша саралауды қажет етпейді.";

24) 23-тармақта:

"алдын ала" деген сөздер "сотқа дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"340", "96" деген цифрлар тиісінше "408", "99" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"96-бабы екінші бөлігінің б) тармағы" деген сөздер "99-бабы екінші бөлігінің 2) тармағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 24-тармақта:

"түзеу мекемелерінің" деген сөздер "қылмыстық-түзеу жүйесі мекемесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қамауға алынған" деген сөздер "күзетпен қамауда ұсталатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"96" деген цифрлар "99" деген цифрлармен ауыстырылсын;

26) 25-тармақтағы "97", "96" деген цифрлар тиісінше "100", "99" деген цифрлармен ауыстырылсын;

27) 26-тармақта:

"98", "108", "96", "103" деген цифрлар тиісінше "101", "111", "99", "106" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"баптардың" деген сөз "баптарының" деген сөзбен ауыстырылсын;

28) 27-тармақта:

"96", "101" деген цифрлар тиісінше "99", "104" деген цифрлармен ауыстырылсын;
"қылмыс" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 28-тармақта:

"141-1", "96" деген цифрлар тиісінше "146", "99" деген цифрлармен ауыстырылсын;
"101, 103, 104-баптары" деген сөздер "104, 106, 107-баптары" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 29-тармақта:

"102", "96" деген цифрлар тиісінше "105", "99" деген цифрлармен ауыстырылсын;
бірінші абзац мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Егер жоғарыда көрсетілген әрекеттердің кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалғаны анықталса, әрекет ҚК-нің 105-бабының үшінші бөлігі бойынша саралануға жатады.";

31) 30-тармақта:

"Қылмыстың", "қылмыс" деген сөздер тиісінше "Қылмыстық құқық бұзушылықтың", "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"96", "103", "97-100" деген цифрлар тиісінше "99", "106", "100, 101, 102, 103" деген цифрлармен ауыстырылсын;

32) 31-тармақта:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің бұйрығымен бекітілген Сот-медициналық сараптама жүргізуді ұйымдастыру ережелеріне" деген сөздер "Сот сараптамаларын және зерттеулерін ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"241", "103", "96" деген цифрлар тиісінше "271", "106", "99" деген цифрлармен ауыстырылсын;

33) 32-тармақтағы "қылмыс" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

14. "Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы" 2007 жылғы 11 мамырдағы № 4 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1, 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 4 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) бүкіл мәтін бойынша "ҚК" деген сөз "ҚК-нің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 368 бұйрығымен бекітілген Сот-медициналық сараптама жүргізу және ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес алынған" деген сөздер алып тасталсын;

3) 5-тармақтағы бірінші абзац мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 23-бабына сәйкес, қылмыс жасаған кезінде он төрт жасқа толмаған балаларды жас жәбірленушілер деп тану керек.";

4) мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 66) тармағына сәйкес, төтенше жағдайдың шарттары деп адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, елеулі материалдық нұқсанға және адамдардың тыныс-тіршілігі жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан аварияның, өрттің, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзаланың салдарынан қалыптасқан белгілі бір аумақтағы жағдайды түсінген жөн. Жаппай тәртіпсіздік деп ҚК-нің 272-бабының бірінші бөлігінде көзделген әрекеттерді түсінген жөн.";

5) мынадай мазмұндағы 14-1, 14-2-тармақтармен толықтырылсын:

"14-1. Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасағаны үшін, сол сияқты жас балаға қатысты азғындық әрекеттер жасағаны үшін (ҚК-нің 122 және 124-баптары) қылмыстық жауаптылық, жыныстық қатынас еркек пен еркектің жыныстық қатынасы, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы немесе азғындық әрекеттер күш қолданылмай немесе оны қолданамын деп қорқытпай немесе жәбірленуші адамның дәрменсіз күйін пайдаланбай жасалған жағдайларда туындайды.

14-2. Зорлаудан (ҚК-нің 120-бабы) және сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінен (ҚК-нің 121-бабы) бір ерекшелігі, жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүрлеу кезінде одан көрсетілген әрекеттерді жасауға амалсыздан берген келісімін алу мақсатында жәбірленуші адамға әсер ету тәсілдерімен ықпал ету (ҚК-нің 123-бабы) адамды бопсалау, оған мүлкін жою, бүлдіру немесе алып қою қатерін төндіру не жәбірленуші адамның материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалану болып табылады.

Сексуалдық сипаттағы әрекеттерге мәжбүр ету жәбірленуші адамның осындай әрекеттер жасауға келісімінің болғанына немесе одан бас тартқанына не олардың нақты жүзеге асырылуына қарамастан тиісті талапты кез келген нысанда білдіру кезінен бастап аяқталған болып есептеледі.

Алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен (мысалы, некеге тұруға көрінеу жалған уәде беру және т.б.) жыныстық қатынасқа түсу немесе сексуалдық сипаттағы әрекеттер жасауға жәбірленушінің келісіміне қол жеткізген адамның әрекеттері сексуалдық сипаттағы әрекеттерге мәжбүр ету ретінде қаралуы мүмкін емес.";

15. "Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы" 2007 жылғы 25 желтоқсандағы № 8 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011

жылғы 21 сәуірдегі № 1 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) бүкіл мәтін бойынша:

"ҚК", "ҚІЖК" деген сөздер "ҚК-нің", "КПК-нің" деген сөздермен ауыстырылсын;
"13", "77" деген цифрлар тиісінше "14", "79" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 14-бабына сәйкес, егер адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адамның ауыр қылмыс жасауы қылмыстардың қайталануы деп танылады. Қылмыстардың қауіпті қайталануы деп, егер осы адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталса немесе аса ауыр қылмысы үшін сотталған болса, ауыр қылмыс жасағаны; егер ол бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, аса ауыр қылмыс жасағаны танылады.";

3) 5-тармақта:

"Айыпталушының" деген сөз "Күдіктінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

"117", "207" деген цифрлар тиісінше "113", "204" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"алдын ала тергеу органдары айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыда және айыптау қорытындысында айыпталушының қандай қылмыстың қайталануы кезінде қылмыс жасағандығын көрсетуі" деген сөздер "қылмыстық қудалау органдары күдіктінің әрекеттерін саралау туралы қаулыда және айыптау актісінде күдіктінің қандай қылмыстардың қайталануы кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасағандығын көрсетуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қорытындысында" деген сөз "актісінде" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы екінші сөйлем алып тасталсын;

4) 6-тармақтағы "13-бабының төртінші бөлігіне" деген сөздер "14-бабының үшінші бөлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 8-тармақта:

"13-бабының төртінші бөлігіне" деген сөздер "14-бабының үшінші бөлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"375" деген цифрлар "393" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"қамауда болған" деген сөздер "күзетпен қамауда ұсталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 9-тармақта:

"ҚК-нің 77-бабы үшінші бөлігінің а) тармағының негізінде сынақ мерзімі өткеннен кейін" деген сөздер "ҚК-нің 79-бабы үшінші бөлігінің 1) тармағының негізінде пробациялық бақылау мерзімі өткеннен кейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ҚК-нің 77-бабы үшінші бөлігінің в) тармағының негізінде негізгі жаза өтелгеннен кейін" деген сөздер "ҚК-нің 79-бабының бесінші бөлігінің негізінде жаза нақтылы өтелгеннен кейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 9-1-тармақтағы "Адамды қылмыстардың" деген сөздер "Адамды қылмыстық құқық бұзушылықтардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 10-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қылмыстардың бірі кәмелетке толмаған жаста, ал басқа қылмыс он сегіз жасқа толғаннан кейін жасалғанда қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша соттау кезінде әрбір қылмыс үшін соттылықтың жойылу мерзімі қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша тағайындалған жаза өтелгеннен кейін кәмелетке толмаған жаста - ҚК-нің 89-бабы, ал кәмелетке толған жаста - ҚК-нің 79-бабы бойынша жеке есептеледі. Мұндай жағдайларда кәмелетке толғанда жасалған қылмыс қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына кіретін соттылық есепке алынады.";

"(18 жасқа)" деген сөздер "(он сегіз жасқа)" деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші абзац алып тасталсын;

9) 11-тармақтағы "71" деген цифрлар "73" деген цифрлармен ауыстырылсын;

10) 12-тармақтағы "77-бабының жетінші бөлігіне" деген сөздер "79-бабының тоғызыншы бөлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 13-тармақтағы "2006 жылғы 9 қаңтардағы" деген сөздерден кейін "№ 113" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 14-тармақтағы "7" деген цифр "8" деген цифрмен ауыстырылсын;

13) 15-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Соттар ҚК-нің 11-бабына сәйкес қаралып отырған іс бойынша сотталушының жасаған қылмысының санатын дұрыс анықтауы қажет.";

екінші абзацтағы екінші сөйлем алып тасталсын;

"10" деген цифрлар "11" деген цифрлармен ауыстырылсын;

14) 16-тармақтағы "5" деген цифр "6" деген цифрмен ауыстырылсын;

15) 17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Адамдарды бұрын бас бостандығынан айыруға сотталғандар қатарына жатқызу кезінде қылмыстардың қайталануын және оның түрін тану туралы мәселені шешуге байланысты "Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының 12-тармағында және "Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға түзеу мекемелерінің түрлерін тағайындау жөніндегі сот практикасы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы № 7 нормативтік қаулысының 6, 7, 8-тармақтарында берілген түсіндірмелерді басшылыққа алған жөн.

18. Жиынтығы бойынша ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бір соттылығы бар және және жаңадан ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыс жасаған адамдарда қылмыстың қайталануы бар болуы туралы мәселені талқылау кезінде қылмыстың қайталану түрін тану үшін негіз болып табылатын, жиынтыққа жататын нақты қылмыс үшін тағайындалған жазаны назарға алу қажет, бұл ретте қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы немесе үкімдердің жиынтығы бойынша түпкілікті тағайындалған жаза ескерілмейді.";

16) 19 және 20-тармақтар алып тасталсын;

17) 21-тармақтағы "қылмыстың жиынтығы" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Қылмыстардың қайталануының болуы ҚК-нің 54-бабы бірінші бөлігінің а) тармағына сәйкес қылмыстық жауапкершілікті және жазаны ауырлататын мән-жайлар ретінде ескеріледі. Қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындау кезінде ҚК-нің 59-бабына сәйкес бұрын жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны, сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, оның алдындағы жазаның түзету ықпалының жеткіліксіз болып шығуына себеп болған мән-жайлар, сондай-ақ жаңадан жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі ескеріледі.";

19) 25-тармақта:

"түзеу мекемесінің" деген сөздер "қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"48" деген цифрлар "46" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға түзеу мекемелерінің түрлерін тағайындау жөніндегі сот практикасы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы № 7" деген сөздер ""Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің түрлерін тағайындаудың сот практикасы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы № 7" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 26-тармақтағы екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚК-нің 79-бабының жетінші бөлігіне сәйкес ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған, сондай-ақ сот үкімі бойынша қылмыстың қауіпті немесе аса қауіпті қайталануы үшін жаза тағайындалған адамдардың соттылығын оны өтеу мерзімі аяқталғанға дейін алып тастауға жол берілмейді.";

21) 27-тармақтағы орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

22) 28-тармақта:

"және қадағалау тәртібімен" деген сөздер "тәртіппен" деген сөзбен ауыстырылсын;

"421-бабы бірінші бөлігінің 7) тармағында" деген сөздер "442-бабы бірінші бөлігінің 6) тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"наразылығында" деген сөз "өтінішхатында" деген сөзбен ауыстырылсын;

"алдын ала тергеу барысында күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулыда және айыптау актісінде қылмыстың тиісті қайталануы кезінде кінәні ауырлататын мән-жай ретінде қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалғаны туралы көрсетілмесе" деген сөздер "сотқа дейінгі тергеу барысында күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулыда және айыптау актісінде қылмыстың тиісті қайталануы кезінде кінәні ауырлататын мән-жай ретінде қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалғаны туралы көрсетілмесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

"наразылықтары" деген сөз "өтінішхаты" деген сөзбен ауыстырылсын;

23) 29-тармақтағы "59" деген цифрлар "53" деген цифрлармен ауыстырылсын;

16. "Қылмыстық сот ісін жүргізуде адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын соттың қорғауы туралы" 2010 жылғы 25 маусымдағы № 4 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1, 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 4 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) бүкіл мәтін бойынша:

"ҚІЖК-нің" деген сөздер "ҚПК-нің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"109" деген цифрлар "106" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"процессуалдық" деген сөздер "процестік" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында соттың қорғауы күзетпен қамауда ұстау, ұйқамаққа алу, кепіл түріндегі бұлтартпау шараларына, лауазымнан уақытша шеттету және жақындауға тыйым салу түріндегі процестік мәжбүрлеу шараларына санкция беру кезінде, сондай-ақ қылмыстық қудалау органдарының Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі-ҚПК) 106-бабында, 109-бабының екінші бөлігінде көзделген әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарау кезінде жүзеге асырылады.";

"18" деген цифрлар "27" деген цифрлармен ауыстырылсын;

3) 2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Соттар ҚПК-нің 106-бабының бірінші бөлігі бойынша прокурордың, тергеу және анықтау органдарының әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдері: қылмыстық құқық бұзушылық туралы, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы кезінде тергеп-тексеру мерзімдерінің үзілгені, қылмыстық істің тоқтатылғаны, сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруда, тінтуді және (немесе) алуды жүргізуде, өзге де әрекеттер (әрекетсіздік)

жасауда және шешімдерді қабылдауда заңның бұзылғаны туралы арызды қабылдаудан бас тартуы сотта шағымдануға жататынын назарда ұстағандары жөн.";

"(үй қамауына алу мен қамауға алудан басқа)" деген сөздер "(тергеу судьясы санкциялағандарды қоспағанда)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмыстың" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац алып тасталсын;

4) 3-тармақтағы орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

5) 4-тармақта:

"103" деген цифрлар "100" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"қылмыстық істі қозғаудан бас тартылған арыз беруші" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызын тіркеуден бас тартылған адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 5-тармақтағы "судья" деген сөз "тергеу судьясы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

7) 6-тармақта:

"Қамауға алу түріндегі" деген сөздер "Күзетпен қамауда ұстау түріндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"150-бабының жетінші бөлігіне" деген сөздер "148-бабының үшінші бөлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қамауға алуға санкция беру туралы өтінішхаттарды қарау кезінде соттар ҚПК-нің 138, 139, 140, 147 және 148-баптарының талаптарын мүлтіксіз сақтаулары қажет және қаралып отырған өтінішхаттар бойынша шешімдер қабылдау кезінде сот ең қатаң бұлтартпау шарасы – қамауға алуды қолдануға санкция беруге міндетті емес екенін, заңда көзделген, ҚПК-нің 136-бабында көрсетілген негіздер болған кезде ғана санкция беру туралы өтінішхаттарды қанағаттандыруға құқылы екенін ескеруге тиіс.

ҚПК-нің 136-бабының екінші бөлігінде көрсетілген негіздерді қоспағанда, жасалған әрекеттің ауырлығы осы бұлтартпау шарасын таңдау үшін бірден бір және сөзсіз негіз бола алмайды.";

мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"ҚПК-нің 140-бабының екінші бөлігіне және 147-бабының екінші бөлігіне сәйкес, қылмыстық қудалау органы қаулысының қарар бөлігінде күдіктіге қатысты күзетпен қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау туралы және таңдалған бұлтартпау шарасына санкция беру туралы сот алдында өтінішхат қозғау туралы шешім міндетті түрде қамтылуға тиіс.

Мұндай шешім болмаған кезде қылмыстық қудалау органының өтінішхаты қанағаттандырусыз қалдыруға жатады.";

8) 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. ҚПК-нің 541-бабының үшінші және төртінші бөліктері бойынша, кәмелетке толмаған күдіктіге, айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде оны күзетпен қамауда ұстау ерекше жағдайларда ол ауыр немесе ерекше ауыр қылмыс жасаған кезде ғана қолданылатынын соттардың ескергендері жөн. Сотқа дейін іс жүргізу барысында кәмелетке толмаған адамдарды күзетпен қамауда ұстау мерзімі алты айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Бұл ретте соттар кәмелетке толмаған күдіктіге, айыпталушыға қатысты күзетпен қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдауға дейін ҚПК-нің 144-бабында көзделген тәртіппен оны қарауға беру сияқты шараны айқындау мүмкіндігін талқылауы қажет.

8. ҚПК-нің 148-бабының жетінші бөлігіне сәйкес, күдіктіні немесе айыпталушыны екі ай мерзімге күзетпен қамауда ұстаудан бас тартқан кезде тергеу судьясы ҚПК-нің 137-бабының бірінші бөлігінде көзделген өзге бұлтартпау шарасын сол сот отырысында таңдауға құқылы.";

9) 9-тармақта:

"149", "139" деген цифрлар тиісінше "146", "136" деген цифрлармен ауыстырылсын;
"қамауда ұстау түрінде" күзетпен қамауда ұстау түріндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 10-тармақта:

"2000 жылғы 25 желтоқсандағы" деген сөздерден кейін "№ 132" деген сөздермен толықтырылсын;

"1995 жылғы 16 қазандағы" деген сөздерден кейін "№ 2529" деген сөздермен толықтырылсын;

"1995 жылғы 29 желтоқсандағы" деген сөздерден кейін " № 2737" деген сөздермен толықтырылсын;

""Прокуратура туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы" деген сөздер ""Прокуратура туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы № 81-VI" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Конституциялық Кеңестің мүшелеріне, Парламент депутаттарына, Қазақстан Республикасының Бас прокурорына" деген сөздер "Парламент депутаттығына, Парламент депутаттығына үміткерлерге, Президенттікке үміткерлерге, Конституциялық Кеңестің төрағасы мен мүшелеріне, Бас прокурорға" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 12-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Судьялардың тұрғын, қызметтік үй-жайларын, олардың пайдалануындағы жеке және қызметтік көлік құралдарын, олардың хат-хабарларын, банк шоттарын, багажын және өзге де мүлкін тінту, құжаттары мен заттарын алу, мүлкіне және почта-телеграф

жөнелтілімдеріне тыйым салу, хабарламаларын ұстап алу, сөйлесулерін тыңдау және жазып алу Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімімен сотқа дейінгі тергеу шеңберінде ғана жүргізілуі мүмкін.";

екінші абзац алып тасталсын;

12) 13-тармақта:

"39" деген цифрлар "41" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу, анықтау және алдын ала тергеу" деген сөздер "сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жеделдетілген сотқа дейінгі тергеу, процестік келісім, медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасасу" деген сөздермен ауыстырылсын;

"303-бабының екінші бөлігіне" деген сөздер "323-бабына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"301 және 303-1-баптарымен" деген сөздер "321-бабымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қосымша тергеу жүргізу" деген сөздер "оларды жою" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу, анықтау немесе алдын ала тергеу" деген сөздер "сотқа дейінгі іс жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 14-тармақта:

"сотталушының қамауға алынуына байланысты" деген сөздер "оны күзетпен қамауда ұстаудың нәтижесінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"155" деген цифрлар "154" деген цифрлармен ауыстырылсын;

14) 15-тармақта:

"226", "230", "233", "135", "132", "134" деген цифрлар тиісінше "223", "252", "255", "132", "128", "131" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"прокурор", "прокурордың" деген сөздер тиісінше "тергеу судьясы", "тергеу судьясының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бірінші тармағының" деген сөздер "2-тармағының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"алып қоюды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ тұрғын үй-жайларды, жұмыс орындары мен өзге де орындарды жете тексеруді, көлік құралдарын жете тексеруді" деген сөздерсен толықтырылсын;

15) 16-тармақта:

"201-203", "221", "222", "227", "230", "232", "234" деген цифрлар тиісінше "197, 198, 199", "219", "220", "224", "252", "254", "256" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"прокурор" деген сөздер "тергеу судьяның" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы екінші сөйлем алып тасталсын;

төртінші, бесінші, алтыншы і абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚПК-нің 220-бабының он төртінші бөлігіне сәйкес, егер тұрғын үй-жайы оқиға болған орын болып табылса және оны қарап-тексеруді кейінге қалдыру мүмкін болмаса, тұрғын үй-жайды қарап-тексеру сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адамның қаулысы бойынша, бірақ кейіннен материалдарды тергеу судьясына тәуліктік мерзімде жібере отырып жүргізілуі мүмкін.

Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі.

Тергеу судьясы жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығын тексереді және оның заңды екендігі немесе заңды еместігі туралы қаулы шығарады, ол қылмыстық іс материалдарына қоса тігіледі.";

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"Егер жүргізілген қарап-тексерудің заңды еместігі туралы шешім қабылданған жағдайда, оның нәтижелері іс бойынша дәлелдемелер ретінде жіберілуі мүмкін емес.";

16) 17-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы жедел-іздігі шараларының нәтижелері олар ҚПК-нің "Жасырын тергеу әрекеттері" деп аталатын 30-тарауында көзделген тәртіппен істер бойынша дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.";

"237-бабында" деген сөздер "30-тарауында" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 19-тармақтағы "және наразылықтарды" деген сөздер алып тасталсын;

18) 20-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Конституциясының" деген сөздер "Конституцияның" деген сөзбен ауыстырылсын;

17. "Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға байланысты қылмыстар жөніндегі істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы" 2011 жылғы 29 маусымдағы № 3:

1) тақырыбындағы "қылмыстар жөніндегі" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) кіріспедегі "қылмыстар" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықтар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) бүкіл мәтін бойынша "300", "297", "298" деген цифрлар тиісінше "351", "347", "348" деген цифрлармен ауыстырылсын;

4) 1-тармақтағы бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 345, 346 (екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктері), 348, 349, 351-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық, егер жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзу адамның денсаулығына орташа немесе ауыр зиян келтіруге не бір не одан да көп адамдардың өліміне әкеп соқтырса туындайтынына соттардың назары аударылсын. ҚК-нің 346-бабының бірінші бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін қандай да бір салдардың туындауы талап етілмейді.";

5) 2-тармақта:

"Қылмыс жасалған", "қылмыс субъектісі" деген сөздер тиісінше "Қылмыстық құқық бұзушылық жасалған", "қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"296-бабында" деген сөздер "345, 346, 347, 348, 349, 351-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"көлік құралын жүргізуші куәлігінің" деген сөздер "жүргізуші куәлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац алып тасталсын;

б) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Көлік құралын механикалық құралдарға жатқызу кезінде ҚК-нің 345-бабының және "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Жол жүрісі туралы" Заң) 1-бабының 38) тармақшасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларының (бұдан әрі – Жол жүрісі қағидалары) 1-бөлімі 2-тармағының 45) тармақшасының диспозициясын негізге алған жөн, оған сәйкес қозғалтқышпен қозғалысқа келтірілетін, өздігінен жүретін жол көлік құралы, оның ішінде автомобильдер, троллейбустар, трамвайлар (мопедтер мен рельстік көлік құралдарын қоспағанда), тракторлар мен өздігінен жүретін машиналар олар жол жүрісіне қатысқан кезде механикалық көлік құралдары болып танылады.

"Жол жүрісі туралы" Заңның 1-бабының 38) және 41) тармақшаларына және Жол жүрісі қағидаларының 1-бөлімі 2-тармағының 46) тармақшасына сәйкес, цилиндрінің көлемі 50 текше сантиметрден аспайтын іштен жану қозғалтқышымен не электр қозғалтқышпен жабдықталған және ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына елу километрден аспайтын екі немесе үш дөңгелекті көлік құралы – мопед механикалық көлік құралдарына жатпайды. Мопедтерге аспалы қозғалтқышы бар велосипедтер, мокиктер, скутерлер және осыған ұқсас сипаттамалары бар басқа да көлік құралдары теңестіріледі.

Жолаушы, жаяу жүргінші немесе жол жүрісінің басқа қатысушысы, сондай-ақ механикалық көлік құралдарына жатпайтын көлік құралдарын басқаратын адам, егер ол жол берген жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтар абайсызда адамның денсаулығына ауыр зиян келтіруге немесе бір не одан да көп адамның өліміне әкеп соқтырса, ҚК-нің 351-бабының тиісті бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауаптылықта болады.";

7) 4-тармақта:

"296-бабында" деген сөздер "345, 346-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің" деген сөздер "ҚК-нің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмыстар" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықтар" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 5-тармақта:

"391-бабының" деген сөздер "463, 466-баптарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"296-бабының" деген сөздер "345, 346-баптарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 6-тармақта:

"296", "300" деген цифрлар тиісінше "345, 346, 348, 349", "351" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"айыпталушы ретінде жауапкершілікке тарту туралы қаулыда, айыптау қорытындысында (айыптау хаттамасында, сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасында)," деген сөздер "күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулыда, айыптау актісінде (қылмыстық теріс қылық туралы хаттамада, бұйрық арқылы іс жүргізуді қолдану туралы қаулыда)," деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмыстардың" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 7-тармақта:

"бұзғандығын," деген сөздерден кейін "сонымен қатар" деген сөздермен толықтырылсын;

"10.1-тармағын" деген сөздер "10-бөлімнің 1-тармағын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"296-бабында" деген сөздер "345, 346-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"296-бабы қолданылады" деген сөздер "345, 346-баптары қолданылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 8-тармақтағы "ҚІЖК-нің 25-бабы 2-бөлігінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 25-бабының екінші бөлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 9-тармақта:

"296-бабының" деген сөздер "345, 346-баптарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"айып тағылғанда және үкімде" деген сөздер "айыптау актісін жасау кезінде және үкімде" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 10-тармақта:

"296-бабы" деген сөздер "345, 346, 348, 351-баптары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің" деген сөздер "ҚК-нің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмыстар туралы" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 11-тармақта:

"296-бабында" деген сөздер "345, 346, 351-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"296" деген цифрлар "345, 346, 351" деген цифрлармен ауыстырылсын;

15) 12-тармақта:

"296-бабында" деген сөздер "345, 346-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жол қозғалысы қауіпсіздігі" деген сөздер "жол жүрісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"296," деген цифрлар "345, 346," деген цифрлармен ауыстырылсын;

"175", "185" деген цифрлар тиісінше "188", "200" деген цифрлармен ауыстырылсын;

16) 14-тармақтағы "қылмыс" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 15, 16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Қолданыстағы қағидаларды бұзып, көлік құралын басқару құқығынан айырылған, алкогольдік, есірткі немесе өзге де масаң күйдегі адамға көлік құралын басқаруды берген жүргізуші не көлік құралының иесі, сондай-ақ көлік құралын басқару құқығы немесе тиісті санаттағы көлік құралын басқару құқығы жоқ жүргізушіні көлік құралын басқаруға жіберген лауазымды адам, көлік құралының жүргізушісі не иесі, егер бұл абайсызда денсаулыққа ауыр зиян келтіруге немесе бір не бірнеше адамдардың өліміне әкеп соқтырса, ҚК-нің 346-бабының тиісінше екінші, үшінші, төртінші, бесінші бөлігі бойынша, ал көлік құралын шын мәнісінде жүргізген адам – ҚК-нің 345, 346-баптарының тиісті бөлігі бойынша жауаптылыққа тартылады.

16. Сот ҚК-нің 50-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, ҚК-нің 348-бабының бірінші бөлігінде, 349-бабының бірінші бөлігінде, 351-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін, егер жасалған әрекеттің қоғамдық қаупінің сипаты мен дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, олардың белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығын сақтау мүмкін емес деп таныса, белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түрінде қосымша жаза тағайындауға құқылы.

Егер рақымшылық жасау актісі тек негізгі жазадан босатуды көздесе және қосымша жазаны қолдануды жоймаса, онда сот адамды ҚК-нің 345, 346-баптарында, 348-бабының екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде, 349-бабының екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп тану кезінде кінәлі адамды негізгі жазадан босатып және оған белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызметпен айналысу түрінде қосымша жаза тағайындап, айыптау үкімін шығарады.

17. ҚК-нің 46-бабы бесінші бөлігінің 1) тармағына сәйкес, ҚК-нің 345, 348, 349, 351 -баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін сотталған адамдарға мерзіміне қарамастан, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде өтеуді тағайындайды.

Соттар жазаны тағайындаған кезде ҚК-нің 346-бабының екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көзделген әрекеттер кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарға жататындығын және ҚК-нің 22-бабының талаптарына сәйкес тұтастай алғанда қасақана жасалған деп танылатындығын ескергендері жөн.

Осыған байланысты, абайсызда адамның денсаулығына орташа немесе ауыр зиян келтірген не қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде бір немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соқтырған жағдайда (көлік құралын басқару құқығынан айырылған адамның алкогольдік масаң күйде көлік құралын басқаруы немесе мұндай адамға көлік құралын басқаруды беру немесе басқаруға жіберу) кінәлі адамға бір жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемелерінде өтеу тағайындалуға тиіс.

Сот біреулері қасақана, ал екіншілерін абайсызда жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша сотталғандарға, егер қасақана қылмыстық құқық бұзушылық үшін бас бостандығынан бір жылға дейінгі мерзімге айыру түріндегі жаза тағайындалған жағдайда ғана бас бостандығынан айыруды қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде өтеуді тағайындауға құқылы.

Осы ретте, егер қасақана қылмыс үшін бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза тағайындалған жағдайда, сот қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша бас бостандығынан айыруды қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде өтеуді тағайындауға құқылы.";

18) 18-тармақта:

"Жол қозғалысы" деген сөздер "Жол жүрісі қағидаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмыстар туралы" деген сөздер "қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"931-бабының 1-бөлігіне" деген сөздер "931-бабының 1-тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 19-тармақтағы "2001 жылғы 21 маусымдағы № 3" деген сөздер "2005 жылғы 27 қарашадағы № 7" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 20-тармақта:

"67" деген цифрлар "68" деген цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер адамның әрекеттері ҚК-нің 345-бабының бірінші, екінші бөліктерінде және 346-бабының бірінші, екінші, үшінші бөліктерінде және 347-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығын құрайтын болса, онда ҚК-нің 68-бабын қолдану туралы мәселе әрбір әрекетке қатысты жеке шешіледі.";

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Бұл ретте соттар ҚК-нің 68-бабының ережелері абайсызда бір немесе бірнеше адамның өліміне әкеп соққан ҚК-нің 345, 346, 348, 349, 351-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған адамдарға қолданылмайтындығын ескергендері жөн.";

21) 21-тармақта:

"296-бабында" деген сөздер "345, 346, 348, 349, 351-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын";

"қылмыстарды" деген сөз "қылмыстық құқық бұзушылықтарды" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 69-бабы 5-бөлігіне" деген сөздер ""
Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 62-бабының
алтыншы бөлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Материалдық" деген сөзден кейін "және моральдық" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және 2020 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың б) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы*

Ж.Асанов

*Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сотының судьясы, жалпы отырыс хатшысы*

Г. Әлмағамбетова